



ЕЛ ТЫНЫСЫ

ЖЕҢІС ШЕРУІНЕ ҚАТЫСТЫ


2-БЕТТЕ



МӘСЕЛЕ

ЖАЙЫЛЫМ НЕГЕ ЖЕТІСПЕЙДІ?

6-БЕТТЕ



ЖЕҢІСКЕ – 75 ЖЫЛ

АНАҒА МӘҢГІ ТАҒЫМ

8-9-БЕТТЕРДЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ASTANA



№74 (4043)

Бейсенбі


25 маусым 2020 жыл

AQSHAMY

Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары 23 жыл ішінде үш есе өсті. Өткен жылы елордалықтар саны 1 миллионнан асып түсіп, көптеген әлем астаналарымен деңгейлес болатын.

Егер еске алсақ, 1997 жылға дейін сол кездегі Целиноград, кейінірек Ақмола болған қалада 300 мыңнан аса адам тұратын еді. Ал Қазақстанның жаңа астанасы болғаннан кейін бұл шаһардың демографиялық көрсеткіші күрт өсті. Бүгінгі таңда халық саны үш есеге көбейіп, 1 149 947 адам болды. Осылайша, өсім 849,442 адамды құрады. 1999 жылдың басында қалада бір жастағы бала саны 3 853, ал ғасыр жасаған сегіз адам ғана болды. Бүгінгі таңда елорда тұрғындарының ең үлкен контингенті бір жастағы бала саны – 29 516, ал ғасырдан ұзақ жасағандар саны жүзден асады!

Соңғы жылдары Қазақстанның бас қаласы тұрғындар саны бойынша әлем астаналарының көбін, оның ішінде Вашингтонды (705 мың адам) басып озды. «1999, 2000, 2001 жылдары қала халқының өсуі жыл сайын 50 мыңға жуық адамды құрады. Мұны рекордтық көрсеткіштердің бірі деп айтуға болады. Бұл ішкі көші-қонға да, табиғи өсімге де байланысты. Бірақ нағыз дүмпу 2016 жылы болды: содан кейін қала халқы бірден жүз мың адамға көбейді» деп жазылады Нұр-Сұлтан қалалық статистика басқармасының мәліметінде. Сонымен қатар деректерге сүйенсек, осы жылдың мамыр айының басына қалада 598 009 әйел және 551 938 ер адам тұратыны айтылады. Ең тығыз қоныстанған аудан – Сарыарқа, онда 340 мыңнан аса адам, одан кейін Алматы ауданы – 299 мың, Есіл ауданы – 272 мың және Байқоңыр ауданында 237 мың адам тұрады.



АСТАНАЛЫҚТАР 1 149 947!

2020 ЖЫЛДЫҢ МАМЫР АЙЫНДА ЕЛОРДА ТҮРҒЫНДАРЫ ОСЫНША АДАМҒА ЖЕТТІ



ДӘРІ-ДӘРМЕК ТАПШЫ МА?

Нұр-Сұлтан әкімдігі дәріхана ұйымдарына дәрі-дәрмекпен үздіксіз қамтамасыз етуді тапсырды.

«Елордалық дәріханаларда тұрғындарға қажетті барлық дәрі-дәрмектер болуы керек. Дәрі-дәрмектердің негізгі ассортиментінің болуын бақылау қажет. Дәріханаларға дәрі-дәрмектерді уақтылы және жеткілікті мөлшерде сатып алу керек» деді Нұр-Сұлтан әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен дәріхана желілері басшыларымен онлайн-кездесуде.

(Соңы 3-бетте)

ЖОЛ ЖӨНДЕУ – ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

«Сапалы жол» жобасының аясында елордада атқарылып жатқан жұмыстарды қорытындылауға арналған онлайн конференция өтті.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен қалалық басқармалардың басшыларына жол құрылысы сапасының мониторингін бюджет қаражатын бөлу мәселесін қайта қарау, сондай-ақ отын-энергетика кешені басқармасы мен «Жол активтерінің ұлттық орталығы» РМК филиалы арасында келісім-шарт жасау жөнінде тапсырма берді.

Биыл қала әкімдігі жалпы ұзындығы 98,7 шақырым құрайтын 150 көшеге орташа жөндеу жүргізуді жоспарлаған. Оның ішінде 50 орталық және тұрғын үй алаптарында 100 көше, сондай-ақ 22 нысанның құрылысы бар.

«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 452.86 \$ USD/KZT 401.26 ₸ RUB/KZT 5.83 ¥ CNY/KZT 56.78

www.astana-akshamy.kz



ЕЛБАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖАҚСАРЫП КЕЛЕДІ

Тұңғыш Президенттің баспасөз хатшысы Айдос Үкібай Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың денсаулығы жақсарып келеді туралы айтты.

«Соңғы күндері БАҚ-тардан Елбасының денсаулығына қатысты көптеген сауалдар келіп түсуде. Қазіргі кезде Нұрсұлтан Назарбаевтың денсаулығы жақсарып келеді. Өзін жақсы сезінеді, дәрігерлердің нұсқауын сақтап, оқшауланудан шыққан жоқ» деп жазды А.Үкібай өзінің твиттердегі парақшасында.

Баспасөз хатшысының айтуынша, өкінішке орай, Тұңғыш Президент Мәскеуде өткен ҰОС-дағы Жеңістің 75 жылдығына арналған мерекелік шеруге қатыса алмады. Алайда Елбасы шеруді тікелей эфирдегі трансляциядан көрген.

ТРАМПТАН ЖЕДЕЛХАТ КЕЛДІ

АҚШ Президенті Дональд Трамп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Президенті лауазымына кіріскеніне бір жыл толуына орай құттықтап, жеделхат жолдады.

– Америка халқының атынан алдағы уақытта Қазақстандағы бейбітшілікті, өсіп-өркендеу мен қауіпсіздікті одан әрі нығайту жолындағы еңбегіңізге толағай табыстар тілеймін. Сонымен қатар COVID-19 індетінің таралуына қарсы қабылдаған жедел шараларыңызға оң баға бергім келеді. Пандемияны тоқтату және COVID-19 індетінен кейінгі кезеңде экономиканы қалпына келтіруде біздің бірлескен күш-жігеріміз маңызды болып қала бермек, – делінген жеделхатта.

Сонымен қатар АҚШ Президенті Қазақстанда қолға алынған реформаларды қолдайтынын айтып, екі ел арасындағы стратегиялық байланысты одан әрі дамыта беруге ниетті екенін жеткізген.

– Сіздің саяси жаңаруға бағытталған реформалық, өршіл бағдарламаңыз ерекше мақтауға лайық. Халықтың Үкіметке деген сенімін арттыру, гүлденген және серпінді қоғамның негізгі іргетасы саналатын бостандықтарды қорғауды күшейту бойынша алға қойған мақсаттарыңызды Америка Құрама Штаттары қолдайды. Біз кеңейтілген стратегиялық әріптестігіміздің аясында осы бастамаларды іске асыруда әрдайым Сізбен серіктес болуға дайынбыз, – деді Дональд Трамп.

Сондай-ақ Дональд Трамп Қасым-Жомарт Тоқаевқа зор денсаулық, сәттілік пен игілік тілеген.

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ЖЕҢІС ШЕРУІНЕ ҚАТЫСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына орай Мәскеуде, Қызыл алаңда өткен әскери парадқа қатысып, «Белгісіз солдат» қабіріне гүл шоғын қойды.

Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің бастамасымен Мемлекет басшылары және Үкімет жетекшілері деңгейінде өткен салтанатты шараға Қасым-Жомарт Тоқаевпен қатар, Беларусь Президенті



Александр Лукашенко, Молдова Президенті Игорь Додон, Сербия Президенті Александр Вучич, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев және бірқатар халықаралық ұйымдардың басшылары қатысты.

Салтанатты шеруде 13 мыңнан астам әскери қызметші, 216 әскери техника және әртүрлі 75 әскери ұшу аппараты сап түзеді.

Қызыл алаңнан 53 жаяу әскер колоннасы, ТМД елдері және басқа да шет мемлекеттердің қарулы күштерінен құралған 13 топ салтанатты түрде сап құрап өтті. Аталған шараға Қазақстан Республикасының атынан десанттық шабуылдаушы әскери бөлімінің 55 сарбазы қатысты.



БІЗ БІРГЕМІЗ – БЕРІК ІРГЕМІЗ

Мемлекет басшысы «BIZ BIRGEMIZ» жалпыұлттық онлайн форумына қатысты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде әлемнің барлық елі, оның ішінде Қазақстанның да коронавируc індетіне қарсы күресіп жатқанын айтты. Осыған орай, мемлекет тарапынан қолға алынған аса маңызды шараларға тоқталды.

– Коронавируспен күресу үшін бюджеттен қомақты қаражат бөлінді. Тұрмысы төмен отбасыларға азық-түлік таратылды. Шағын және орта бизнес өкілдеріне бірқатар жеңілдік жасалды. Елбасының бастамасымен құрылған «Біргеміз» қорынан да көлемді қаржы бөлініп, мұқтаж жандарға нақты көмек беріліп жатыр. Бұл жұмысты Nur Otan партиясы белсенді түрде жүзеге асыруда. Осының бәрі бірлігіміздің бекемдігін көрсетеді, – деді Мемлекет басшысы.

Форум барысында Қасым-Жомарт Тоқаев індеттен қайтыс болған азаматтардың туыстары мен жақындарына көңіл айтып, вирус жұқтырғандардың тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді. Президент халықты осындай қиын-қыстау кезеңде зор жауапкершілік танытып, өздерінің, туыстарының және жақындарының денсаулықтарына жанашырлықпен қарауға шақырды. – Дәрігерлер, медбикелер, санитарлар мен жедел жәрдем қызметкерлері! Эпидемиямен күресте ең ауыр жү-

мыс сіздерге жүктелді. Сіздер күн сайын бүкіл елге ерік-жігердің, қайсарлықтың, батылдықтың ерен үлгісін көрсетіп келесіздер. Біз бұдан нағыз патриотизмді көреміз. Аса қиын жағдайларда ерлікке тән әрекет жасайтындарыңызды білемін. Пандемияның қайта өршіп, ауқымы кеңейе түскен кезде сіздер қорғаныс киімдерінің, қажетті дәрі-дәрмектердің, науқастарға арналған орындардың жетіспеушілігі және басқа да қиындықтармен бетпе-бет келіп отырсыздар. Біз бұл проблемаларды жақын арада шешеміз. Аталған жағдайды шұғыл ретке келтіру үшін Үкіметке нақты тапсырма берілді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстандағы әрбір 100 мың адамға шаққанда 80-нен аса азаматтың дертке шалдыққанын және мұның

әлемдік статистика бойынша орташа көрсеткіш екенін айтты. Науқастар сапалы ем қабылдап жатыр. Бір топ медицина қызметкері жанкешті еңбектері үшін мемлекеттік орден-медалдармен марапатталды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау органдарының жұмысын да жоғары бағалады.

«BIZ BIRGEMIZ» атты жалпыұлттық онлайн форумы аясында коронавирусқа қарсы күресте алдыңғы шепте жүріп, ерлік көрсеткен бірқатар азамат Қазақстан Президенті тағайындаған «Халық алғысы» арнаулы медалімен марапатталды. Сонымен қатар елордада пандемиямен күрестегі азаматтарымыздың ерлігін мәңгі есте сақтау үшін ескерткіш орнатылады.

АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

НҰР-СҰЛТАН

Елордадағы Ақмешіт, Сығанақ және Түркістан көшелерінің бойында орналасқан Abu Dhabi Plaza көпфункционалды кешені биылғы жылдың соңына қарай пайдалануға беріледі. Жер көлемі 4,4613 гектар «Abu Dhabi Plaza» – Орта Азиядағы мұнара типіндегі ең ірі кешен саналады. Ол аумағы 500 мың шаршы метрден асатын бес ғимараттан құралған.

АЛМАТЫ

Жыл басынан бері Алматы қаласы Жұмыспен қамту орталығына 36 мыңнан аса адам жүгінген. Оның 22 мыңы жұмыспен қамтылған, яғни 17 мыңы тұрақты жұмыс орны, 5 мыңы уақытша жұмыс. Қоғамдық жұмысқа 4 мың адам орналасты. Одан бөлек «Бизнес Бастау» курсынан өткен 706 адам қаржылай грантқа ие болған, олар қазір өз кәсіптерін ашып, жұмыс істеуде.

АТЫРАУ

Сырдария ауданына қарасты Атырауда татуласу орталығы ашылды. Орталық жұмысы өткен жылы облыстық соттың базасында пилоттық режимде басталған болатын. Осы уақыт ішінде 2257 іс қаралып, олардың 840-ы сотқа жетпей шешілді. Орталықта азаматтарға медиаторлар, билер, қорғаушылар, прокурорлар, психологтар, нотариустар және бизнес-омбудсмен өкілдері көмек көрсетеді.


АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Қызметтік міндеттерін адал атқарып, кәсібилік танытқан, қызметте жоғары көрсеткіштер көрсеткен Алматы облысының 650-ден астам тәртіп сақшысы марапатталды. Сондай-ақ полицейлердің 44 ата-анасына алғыс хат табысталды. 4 қызметкер «Ерлігі үшін» медалімен марапатталып, көптеген қызметкерлер ақшалай сыйақы алды.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Кеше 127 қостанайлық «Халық алғысы» медаліне ие болды. Жалпы бұл марапатқа облыстан 40 медицина қызметкері, 25 полицей, 21 әлеуметтік сала қызметкері, 21 ерікті, 8 үкіметтік емес ұйым өкілдері, 6 меценат, 2 мемлекеттік қызметші, 2 журналист және 1 мәдениет саласының өкілі қол жеткізді.

ДӘРІ-ДӘРМЕК ТАПШЫ МА?



(Соңы. Басы 1-бетте)

«Нұр-Сұлтан қаласының фармацевтикалық ассоциациясы» заңды тұлғалардың қоғамдық бірлестігі директоры Гүлнарай Алмурзинаның айтуынша, кейбір дәрі-дәрмектердің

тапшылығы байқалады. «Өткен аптадан бастап қала тұрғындары вирусқа қарсы препараттар, азитромицин антибиотиктерін сатып алды. Біз анализ жүргізіп, дәрі-дәрмектердің 41 атауы көрсетілген кесте құрдық. Мемлекеттік агенттіктің дәрі-дәрмектерді

халыққа қанша мөлшерде таратуға болатындығы туралы меморандумға қол қоюға шешім қабылданды. Ал антибиотиктер мен рецепт бойынша дәрі-дәрмектер, бұрынғыдай, дәрігердің нұсқауымен ғана жіберіледі» деді бірлестік басшысы.

Сонымен бірге, ол дене қызуын түсіретін дәрі-дәрмектердің жетіспеушілігін ескере отырып, олардың балама нұсқаларының барына назар аударды: Бұл ретте «Панадол», «Эфералган», «Ибупрофен», «Ибуфен», «Миг», «Новиган» дәрілері дәріханаларда бар екенін еске салды.

24 маусымдағы жағдай бойынша елордада коронавирус жұқтырудың 3484 жағдайы тіркелді. Оның ішінде 2 501 науқас (69%) емделіп шықты және 38 өлім жағдайы (1,1%) орын алды. Күнделікті пневмониямен ауруханаға түсетін науқастардың саны артты, әр екіншісі вирустық пневмонияға шалдыққан. Олардың 90-ының жағдайы орташа ауыр. Сондықтан тұрғындар санитарлық қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауы тиіс.

Дайындаған
Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

ЕЛОРДА ТҮНІ ЖАРЫҚ БОЛАДЫ

» Нұр-Сұлтанда көше шамдары жарамдылық мерзімі жоғары және электр энергиясын үнемдейтін заманауи жарықдиодты шамдарға ауыстырылуда. «Жолдар жарық болса қала тұрғындары үшін ыңғайлы әрі қауіпсіз» деп жазды шаһар басшысы А.Көлгінов өзінің instagram парақшасында.

«Аталған шамдар электр энергиясын үнемдеуге мүмкіндік беріп, қарапайым шамдарға қарағанда әлдеқайда жарық болады. Үнемділігі – 35-40%. Сондай-ақ олар жолдарда, әсіресе түнгі уақытта тиімділігі жоғары және жолдарды автокөлік жүргізушілері үшін жарық және қауіпсіз етеді. Бұл жаяу жүргіншілер үшін де ыңғайлы. 3 жыл ішінде бүкіл қала бойынша осы жұмысты аяқтау жоспарланып отыр» деді қала әкімінің орынбасары Алтынбек Қайсағалиев.

Бүгінде Сәтбаев, Қажымұқан, Тоқпанов, Шарль де Голль, Аманжолов, Иманов, Ташенов, Янушкевич, Пушкин көшелері, Бараев тұйық көшесі, Бөгенбай батыр даңғылы және басқа нысандарда көше шамдары энергия үнемдейтін жарықдиодты шамдарға ауыстырылды.

Жалпы, қалада 47 мың жарық нүктесі бар, биыл соның 10 мыңы ауыстырылады. Сонымен қатар 150 аула мен 50 қоғамдық саябақтар мен скверлер абаттандырылады.



ЖЕЛІЛЕР ИЕСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

» «Қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету нысандарында коммуналдық апаттардың болу себебі оларға тиісті күтім жоқ, әрі іс жүзінде ешбір есепке алынбаған» деп жазды Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов.

Сонымен қатар қала басшысы өткен жылдан бастап иесіз, қараусыз қалған желілер мен нысандарды қала балансына қабылдау бойынша жұмыстардың жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын атап өтті. Егер өткен жылы 680 желі анықтал-

са, бүгінде оның 498-і иелікке алынды.

Иесіз қалған желілердің арасында электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, кәріз және өзге де желілері бар. Аталған бағытта жұмыстар әлі де жалғасады.

ЖАҒАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



ИНДЕТ ЖҰҚТЫРҒАНДАР 9 МИЛЛИОННАН АСТЫ

Индеттің таралуы бәсеңдемей тұр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы осылай деп дабыл қақты. Бүгінде жер бетінде ауырғандар саны 9,2 миллионға жетті. 477 мың науқас қауіпті кеселден көз жұмды.


23 маусымда Қазақстанда 1630 адамнан коронавирус табылды. Мұның 534-інде COVID-19 симптомы бар, 1096 адамда ауру белгісі жоқ. Бұл – бұрын-соңды болмаған ең жоғары көрсеткіш. Бір күнде 7 адам қайтыс болды. Пандемия басталғалы Қазақстанда 30 486 адамнан коронавирус анықталды. 11 514 адам жазылып шығып, 134 адам қайтыс болды.



ЕУРООДАҚ ҚЫТАЙҒА ЕСКЕРТУ ЖАСАДЫ

Еуроодақ басшылары Қытайдан өзара саудадағы тепе-теңсіздікті жоюды талап етті. Яғни олар мемлекет тарапынан қатаң реттелетін Қытай нарығын еуропалық компаниялар үшін ашылғанын қалайды. Әйтпесе бұл екі тарап арасында қарым-қатынастардың нашарлауына әкелетінін ескертті.

Сонымен қатар, Еуроодақ Қытайды мемлекеттік субсидиялар мәселесінде ашық саясат жүргізуге шақырды. Соңғы кезде Еуроодақ бірқатар қытайлық тауарларға баж салығын көтерген болатын. Өндірушілерге Қытай үкіметінен қаржылық демеу көрсетілетіндіктен, мұны демпинг деп санаған.



ҚАЖЫЛЫҚ САПАР ТОҚТАТЫЛДЫ

Сауд Арабиясы биыл пандемияға байланысты шетелдіктердің елге келіп, қажылық жасауын тоқтату туралы шешім қабылдады. Мекке мен Мединаға осы елдегі азаматтардың да аз ғана бөлігі барып, құлшылық ете алады.

Жергілікті биліктің мәлімдеуінше, шара адамдардың дертке шалдығуының алдын алу үшін қолға алынған. Сауд Арабиясында 165 мың адам індет жұқтырып, 1350 адам қайтыс болды.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Бетпесі суреттер галереядан алынды

■ ТҮРКИСТАН ОБЛЫСЫ

Арыста жарылыстан соң жарамсыз күйде қалған 480 үй салынып, ел игілігіне берілді. Жарылыс салдарынан 7635 үй зардап шеккен болатын. Оның ішінде 480 жарамсыз деп танылып, қайтадан салынып, пайдалануға берілді. 7255 үйге жөнделу жұмыстары жүргізілді. Төтенше жағдай кезінде зардап шеккен 62 110 азаматқа 6 млрд 261 млн теңге көлемінде өтемақы төленді. Яғни әрбір тұрғынға 100 мың теңгеден берілді.

■ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Семей қаласында орташа есеппен 24000 адамға қызмет көрсететін заманауи полиция бекеті ашылды. Ондағы тәртіп сақшылары озық байланыс құралдарымен, кеңсе техникаларымен және компьютерлермен қамтамасыз етілген. Әр подвездердегі бейнекамералардың жазбалары осы полиция бекетінде тікелей көрсетілетін болады.

■ ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Облыс орталығының тұрғындары аялдамада тұрып қазақ тілін үйрене алады. Павлодар, Ақсу және Екібастұз қалаларында мемлекеттік тілді дамыту мақсатында қоғамдық келіктер мен аялдамаларда қазақ және орыс тілінде жазылған 15 мың сөз ілінеді. Сондай-ақ қаланың орталық көшелерінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған қазақ тілінде жазылған нақыл сөздері бар 3 билборд орнатылды.

КАРАНТИН ТЕСТ ТӘРТІБІНЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗДІ

– Биыл республика бойынша 145 мыңға жуық түлек алтын ұя мектебімен қоштасты. Түлектердің саны бойынша 24 мыңдай оқушы бітірген Түркістан облысы алғашқы орында екен. Елордамыздағы статистика қалай?

– Биыл елордамызда жалпы мектепті 6515 түлек бітіріп отыр.

– Қанша түлек «Алтын белгі» иегері атанды?

– Жылдан жылға елордамыздың үздік оқушылар саны көбейіп келеді. Ағымдағы оқу жылын 357 оқушы – «Алтын белгі», 384 оқушы үздікке аяқтады. Өткен жылы 294 – «Алтын белгі», 305 үздік аттестат иегері болған.

– Мектеп бітірушілерді, әсіресе ата-аналарды алаңдатқан сұрақтардың бірі – ұлттық бірыңғай тестілеу. Биыл сынақ 20 маусым мен 5 шілде аралығында өтеді. ҰБТ-ға қатысты қанша түлек өтініш білдірді?

– Әрине, түлектердің алдында тұрған тағы бір жауапты сәт ол – Ұлттық бірыңғай тестілеу. Жалпы республика бойынша ҰБТ 20 маусымда басталды, 5 шілдеге дейін өткізіледі. ҰБТ-ға қатысуға 6255 түлек (яғни 95%) өтініш білдірді. Оның ішінде қазақ тілінде – 3661, орыс тілінде – 2554, ағылшын тілінде – 40 түлек. Сонымен қатар, колледж студенттері мен өткен жылғы түлектерді қосқанда 7154 тестіленуші қатысып жатыр.

– Карантин жағдайына байланысты Ұлттық бірыңғай тест өткізу тәртібінде өзгеріс бола ма? Ол қандай өзгерістер?

– ҰБТ-ның биылғы өзгешелігі карантин жағдайына байланысты мектептерде 4 тоқсан қашықтан оқытылды, сондықтан, тестілеуден 4 тоқсанның бағдарламасы алынып тасталды, яғни 5-10 сыныптардың және 11-сыныптың 1,2,3 тоқсанында оқытылған бағдарламалар қамтылатын болады. ҰБТ жылдағыдай қаламыздағы 3 университеттің базасында өткізілетін болады. Яғни, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде – 2589 оқушы 13 аудиторияда.



Олар 22 маусым – 3 шілде аралығында өтеді. - С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде – 1818 оқушы 7 аудиторияда. Сынақ 21 – 30 маусым аралығында. - Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінде – 1848 оқушы 13 аудиторияда. 22 маусым – 3 шілде аралығында. Тағы да айта кететін мәселе, бүгінгі таңда ҰБТ-ға қатысатын түлектердің деректер қоры бар, әр түлекке идентификациялық кодтар тағайындалды. ҰБТ өткізу орындары барлық қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. ҰБТ нәтижелерінің ашықтығы мен ұйымдастыру

«Astana» телеарнасы мен «Elorda Aqparat» ЖШС-тің бірлескен жобасы – «Elorda Live» бағдарламасының кезекті қонағы Нұр-Сұлтан қалалық білім басқармасының басшысы Шолпан Қадырова Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізудің барысы туралы айтып берді.



уақытта 50 оқушы болса, биыл олардың саны 20-ға дейін азайды. ҰБТ тапсыратын түлектерді кезекте бір-бірлеп тексермес үшін, бір мезетте 50-60 адамды тексеретін мүмкіндігі бар стационарлық тепловизорлар және дезинфекциялық тоннельдер орнатылды. Барлық түлектер университеттерге автобустармен санитарлық нормаларды сақтай отырып жеткізілуде. Санитарлық талаптарға сәйкес ҰБТ-ға қатысуға ынта білдірген барлық 6255 адамға тегін респираторлық маскалар таратылып жатыр. Әкімдік ҰБТ-ны өткізуге өз тарапынан толықтай дайын. Біздің барлық іс-қимылдарымыз Білім және ғылым министрлігі және тестілеуді өткізуге мүдделі мемлекеттік органдармен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

– Көрсеткіштер тарапынан мынадай сұрақ бар. «Ата-анаға немесе балаларды алып жүруші тұлғаларға ҰБТ пункттерінде күтуге тыйым салынады. Ата-ана тестілеу барысын ҰБТ өтіп жатқан жерге келмей-ақ, үйінде отырып көруі үшін онлайн трансляция жасалады екен». Ата-аналар ҰБТ-ны қалай бақылай алады?

– Иә, эпидемиологиялық жағдайға байланысты ата-аналардың үйде қалуын сұраймыз. ҰБТ-ны онлайн трансляция арқылы бақылауға болады. Онлайн трансляциялардың сілтемелері тестілеу басталатын уақытта берілетін болады.

– COVID-19 вирусына байланысты мектеп және ЖОО қашықтан оқыту жүйесіне көшірілген болатын. Жаңа оқу жылында бізді не күтіп тұр?

– Жаңа оқу жылы дәстүрлі түрде басталады деген жоспарда. Дегенмен алдымызда не күтіп тұрғанын тағы білмейміз. Қандай да бір шешім қабылдану алдында жан-жақты талқыланып, сарапқа салынады. Әлбетте, белгілі бір өзгерістер орын алған жағдайда өздеріңіз хабардар боласыздар.

Дайындаған
Гүлжан АБАЙҚЫЗЫ



шаралары университет ректорларымен талқыланды. Бекітілген жоспар-тапсырмаға сәйкес ҰБТ өткізу орындарында әкімдік тарапынан бірқатар шаралар қабылданып, жүзеге асырылуда. Ең алдымен қоғамдық тәртіпті сақтау, медициналық қызмет, ғимараттардың өрт қауіпсіздігіне сәйкестігін тексеру және қажетті қуатпен үздіксіз электрмен жабдықтау үшін арнайы мамандар жұмылдырылды.

– Қазіргі карантин жағдайына байланысты сақтық шаралары қалай сақталып жатыр?

– Эпидемиологиялық талаптарға сәйкес, инфекция таралуына жол бермеу мақсатында: ҰБТ тапсыратын аудиториялардың саны 30-дан 40-қа дейін ұлғайтылды. Егер былтыр 1 аудиторияда бір

ҮШТЕН БІРІ ТАЗАЛАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

» Қалада коллекторлардың жалпы ұзындығы – 354 км. Олардың үштен бірі (134 км) тазалауды қажет етеді.




Астана көшелерін су басу қаупінен сақтау үшін әкімдік нөсерсу кәріздерін салу және коллекторларды тазалау жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп келеді. Жүйе түрлі қалдықтармен бітеліп қалған жағдайда нөсерсу кәрізінің жұмысына кедергі келтіріп, толассыз жауған жауын суы көшелерге жайылып кетеді. Ол үшін ең алдымен коллекторларды тазартып тұру қажет. Мәселен, Жұмабай Тәшенов көшесі мен Абылайхан даңғылы/Таха Хусейн учаскесіндегі коллектор толық бітеліп қалған. Оны тазалау барысында 2,5 мың тонна қоқыс шығарылды. Сондай-ақ оның

өткізу қуатын арттыру үшін қосымша шығыршық орнатылды. Б.Момышұлы даңғылының проблемалы учаскесінде су өткізу мәселесі ағымдағы жылдың күзінде шешілетін болды: нөсерсу кәрізінің магистралдық коллекторының құрылысы жүргізіліп жатыр. Дауылпаз көшесінен Елім-ай көшесіне дейінгі аралықта созылып жатқан аталған нөсерсу кәрізінің ұзындығы – 500 метр (Б.Момышұлы даңғылы арқылы өтеді).

Сонымен қатар, «Жастар» шағын ауданында (Тәшенов және Амман көшелерінің қиылысында) тазарту құрылысы салынууда, оған жалғасатын коллектор қайта жасақталуда. «Жастар» шағын ауданындағы



ДЕЙІН



КЕЙІН

жаңа тазарту құрылысы тәулігіне 42 мың текше метр су өткізуге қабілетті. Осы құрылыстардың арқасында Тәшенов, Бараев, Уәлиханов, Иманбаев көшелері мен Республика даңғылы жауын

су жайылу қаупінен арылатын болады. Тазарту құрылыстары жер астында жайғасады, оның үстіне гүл бағы орналастырылып, абаттандырылады. Шағын сәулет пішіндері (МАФ) қойылады.

Құрылыс 2021 жылы аяқталады деп жоспарланған.

2019 жылы Мыңжылдық саяжолы ауданындағы екі учаскеде нөсерсу кәрізінің проблемасы шешілді.

Сот жүйесі де өз өкілеттігін адам мен адамзаттың құқығын, бостандығын қорғайтын, Қазақстан Республикасының біртұтас экономикалық және құқық кеңістігі жолында жүзеге асыратын – биліктің дербес, тәуелсіз тармағы ретінде шешуші қадамдар жасауда.

Биылғы жылдың 10 маусымында Мемлекет басшысы «ҚР соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды.

Елбасы және Президент тарапынан бізге қойылған ең басты міндет – сот жүйесіне деген халықтың сенімін арттыру. Оған қол жеткізудің тиімді жолдарының бірі – сот процесін адамдарға ыңғайлы, тиімді, түсінікті, соттарды артық, қажетсіз функциялардан арылту мәселесі болып отыр.

ПРОЦЕССУАЛДЫҚ ЗАҢНАМАНЫҢ НОВАЛЛАРЫ

Жаңартылған кодекстер барлық заманауи негізгі институттарды сақтап қана қоймай, сонымен қатар қазақстандық құқықтық тәжірибені әлемдік озық стандарттарға жеткізетін өзгерістерді енгізді. Біріншіден: дауларды реттеудің соттан бөлек тетіктерін жетілдіру және одан әрі дамыту мақсатында «Дауларды соттан тыс реттеу» атты жаңа тарау енгізіліп, дауды сотқа дейін реттеу міндеттелді. Бұл дегеніміз – екі тарапты сотқа дейін бітімге келтіру. Жаңа заңда орын алған бұл жаңалық судьялар мен медиаторлар үшін ғана емес, сондай-ақ дау тараптары үшін де өте тиімді. Сол үшін өткен жылы Нұр-Сұлтан қаласында татуластыру орталығы ашылды. Онда отставкадағы 2 судья және 5 қызметкер жұмыс жасап, осындай дауларды сотқа жеткізбей шешеді. Осы орайда, медиация тәртібі екі тарапты татуластыру арқылы істі қысқарту судьялардың жұмысын жеңілдететіндігін айта кету қажет. Сот медиациясының артықшылығы – азаматтық істер шеңберінде арыздың бөлек, дауға тікелей байланысты өзекті мәселелерді бітімгершілік рәсімін қолдану арқылы шешуге болатындығында. Осы жылдың 22 маусымынан бастап азаматтық іс қаралатын соттарда 12 судья осы жұмыспен айналысады. Олар іс қараудан босатылады. Бұл санаттағы судьялар тәжірибелі, қос тілді де жақсы біледі. Олар: Г.Рахметова (Нұр-Сұлтан қалалық соты), А.Кәрімова, Б.Сатбаев (МАЭС), А.Тағажаева, М.Хожабергенов (Алматы аудандық соты), Л.Мұздыбаева, С.Спандиярова (Байқоңыр аудандық соты), Г.Шарапатаова, Г.Тастыбаева (Сарыарқа аудандық соты), Ж.Көмекова, М.Давлетова (Есіл аудандық



» Тәуелсіздік алғаннан бері, еліміздің игілігі үшін қабылданған заңдардың арқасында мемлекетіміз көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Қоғам дамыған сайын оның даму белгісін айқындайтын, бағдарын белгілейтін заңдар да жетілдіру үстінде.

ҚҰҚЫҚ САЛАСЫН РЕФОРМАЛАУ – ӨМІР ТАЛАБЫ

соты), Қ.Әлқожаев (көмелеттік жасқа толмағандар соты).

ТАТУЛАСУ РӘСІМДЕРІНІҢ МҮМКІНДІГІ АРТТЫ

Енді процесстік заңнама аясында арызданушылардың татуласу рәсімдерін қолдану мүмкіндіктері артады. Германия, Сингапур елдерінің медиация саласындағы тәжірибесіне негізделіп, тараптардың өтінішхаты негізінде медиацияны іс жүргізуінде іс жатқан судья өткізуі мүмкіндігі қарастырылған. 2018 жылдың 28 сәуірінен бастап алған бұл жоба алғашында іске қосылған Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа аудандық сотында ғана емес, басқа да аудандық соттарда өзіннің тиімділігін көрсетті. 7 сотта татуластырушы-судья кабинеттері ашылды. Келіссөздер жүргізу үшін барынша қолайлы атмосфера мен ыңғайлы жағдайлар жасалды. Қашықтықта сотқа келмей татуластыру рәсімін жүргізу үшін арнайы техникалар орнатылып ақпараттық технологиялар қолданылады. Медиация

рәсімі жүргізілген 1 716 істің ішінде татуластырушы-судья 1 059 іс бойынша татуластыру рәсімдерін қолданған. Ал экономикалық сотта татуластырушы-судья медиация жүргізген 453 істің ішінен 340 іс бойынша 75% тараптар татуласты.

Азаматтық істер бойынша тараптар бірінші саты

жүргізіледі. Үшіншіден: азаматтық процесстік заңнамаға соттар жұмысының заманауи форматтарына көшу, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту, судьяларды қажеті жоқ жүктемеден арылту, сот отырысына қатысатын аудармашы мен сот приста-вының мәртебесін бекіту,

Жаңа заң азаматтық процесстерді жүргізуді формализмнен тазартады, демек, қарапайым істің шеңберінде қажеттілігі мен маңыздылығы жоқ аралық сот ұйғарымдарын (оңайлатылған іс жүргізуден жалпы талап қою ісін жүргізуге көшу туралы, талап қоюды оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қабылдау туралы, сот отырысы күнін тағайындау туралы, іс бойынша іс жүргізуді қайта бастау туралы және т.б.) шығару алынып тасталды

сотында ғана бітімге келіп жатқан жоқ, апелляциялық сатыда да бітімге келіп, даулардың шешіліп жатқаны аз емес. Өзгерістерге байланысты апелляциялық және кассациялық саты соттарда істерді сотта қарауға дайындау барысында да татуластыру рәсімдері

азаматтардың ыңғайы үшін тараптардың жазбаша келісімімен дауларды «Астана» халықаралық қаржы орталығы сотына» беру мүмкіндігі, сонымен қатар, азаматтық сот жүргізу ісінде ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндігін кеңейту, жалпы айтқанда,

азаматтарға қолайлы, халыққа қызмет ететін нормалармен өзгертіліп, толықтырулар енгізілді. Сонымен қатар, аудармашының процессуалдық тұлға ретінде маңыздылығын және оның құқықтық жағдайын күшейту мақсатында аудармашының құқықтары мен міндеттерін заңмен реттелді. Төртіншіден: жаңа заң азаматтық процесстерді жүргізуді формализмнен тазартады, демек, қарапайым істің шеңберінде қажеттілігі мен маңыздылығы жоқ аралық сот ұйғарымдарын (оңайлатылған іс жүргізуден жалпы талап қою ісін жүргізуге көшу туралы, талап қоюды оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қабылдау туралы, сот отырысы күнін тағайындау туралы, іс бойынша іс жүргізуді қайта бастау туралы және т.б.) шығару алынып тасталды.

СОТ ПРОЦЕСІНЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ҚАТЫСУ ТИІМДІ

Сонымен бірге тараптардың келісімімен азаматтық істі соттылығы бойынша бір соттың іс жүргізуінен алып, басқа сотқа беру туралы ұйғарымы дереу орындалуға жататын болды. Бұрынғыдай ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалғаннан кейін он жұмыс күнін күтпей-ақ, тиісті сотқа істі жолдау тараптардың уақыттары, істің қаралу мерзімін үнемдейді. Жазбаша түрде ұйғарым шығаруды талап ететін норманың алынып тасталуы сот өндірісін жеңілдетіп, хаттамада ғана көрсетіліп, судьяның артық ұйғарым шығарып отыру жүктемесінен арылтады. Оның үстіне қазіргі кезде соттарға хат алмасу 100 пайыз автоматты түрде қабылданып жатыр. Яғни талап-арыздар да, арыздар да, сотқа келіп жатқан істер қазір 100 пайыз автоматты түрде қабылданып және «Төрелік» ақпараттық жүйесіне енгізіліп жатыр. Осы негізде электрондық хаттаманы, процеске қашықтықтан қатысуды және электрондық гаджеттерді пайдалану бекітілді.

Сотқа жүгінуші азаматтар бұрынғыдай соттың табалдырығын тоздырмай, кез келген өзіне ыңғайлы уақытта электронды интернет жүйесі арқылы өз істерінің қай сатыға келгенін, оларды қарау тәртібімен, азаматтық істер бойынша жүргізілген аудио-бейне жазбалармен танысуға және сотқа келмей-ақ өз арыз-шағымдарын тіркеуге мүмкіндіктері бар.

Сот процесстеріне қашықтықтан, яғни әлемнің кез келген жерінен интернет арқылы қатысу. Мысалы,

2019 жылы осындай істердің 7 мыңын біз осындай қашықтықта қарадық. Бір ғана мысал, кеше ғана өзін төрағалық етіп, апелляциялық тәртіпте Ресей Федерациясында отырған талапкердің талабы бойынша іс қаралып, ол сол Ресей Федерациясының Мәскеу қаласынан тікелей бізге байланысқа шығып, мобильдік байланыспен біз осы процессті қарадық. Сондай-ақ артық сот рәсімдері мен шығындары қысқартылды. Атап айтқанда, процесстік мерзімді ұзарту және қалпына келтіру, шешімдегі қате жазулар мен арифметикалық қателерді түзету, шешімді түсіндіру және шешімді орындауды кейінге қалдыру, мерзімін ұзарту туралы арыздарды тараптарды шақырмай-ақ қарап, шешу мүмкіндігі аталған заң аясында толықтырылды.

СУДЬЯ ШЕШІМНІ ТҮСІНДІРУ МІНДЕТТЕЛЕДІ

Келесі мәселе – соттардың шешім шығарған кезде сот процесі біткеннен кейін шешім қабылдауға кеңесу бөлмесіне кетуі. Мемлекеттік емес ұйымдардың, бизнес саласындағы көп азаматтардың сотқа деген пікірі: судья жалғыз өзі кеңесу бөлмесіне кеткенде кіммен ақылдасады, кіммен кеңеседі, неге сот кеңесу бөлмесіне кетеді деген мәселелер жиі туындайтын. Осы мақсатта заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп арнаулы бөлме ретіндегі кеңесу бөлмесі ұғымы алынып тасталды, алайда шешім қабылданғанда құпия сөзсіз сақталуы қажет. Ол заңдылық, бізде судья шешім қабылдаған кезде оның құпиялығы міндетті түрде сақталады және кеңес құпиясының сақталуын жоймайды. Оған қоса, жоба бойынша судьялардың қабылдаған шешімдерін, құқықтық салдарын, яғни судьяның нақты осы іс бойынша неге мұндай шешімге келгендігін тараптарға процесстен кейін түсіндіруді міндеттеу ескерілген.

Қорыта келе айтарым, тәуелсіз, егеменді Қазақстан мемлекеті қазір құқықтық реформаларды жасауда, бұл – өмір талабы. Қоғамдағы өзгерістерге байланысты, жаңаша бетбұрыстар өзіміздің ұлттық мүддемізге лайықты мемлекеттік саясатпен жүзеге асырылғаны жөн. Бұл дегеніміз – халқымыздың діліне сай, әрі етене жақын, ұзақ ғасырлар бойы қанымызға сіңген, адамгершілік пен имандылыққа толы заңдарын ұмытпай, ескеру, қоғам кәдесіне жарту деген сөз. Сонда ғана қабылданған заңдардың орындалуы да жеңіл тартады, олар халық көңілінен шығып, құрметтеледі. Заңға енгізілген өзгерістер сот процесін неғұрлым қарапайым, тиімді және адамдар үшін түсінікті етуге мүмкіндік береді деп сенеміз.

Тлектес БӨРПІБАЕВ,
Нұр-Сұлтан қалалық сотының төрағасы



АЛЫП ЕЛДЕ ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ЖЕР НЕГЕ ЖЕТІСПЕЙДІ?

» Қазақстанда төрт түліктің 80 пайызы елді мекендердің маңайында жайылады. Көпшілік өңірлерде меншіктің қолындағы малдың көптігінен ауылдардың 5-6 шақырым радиусы айналасындағы жерлер азып-тозып кеткен. Бүгінде оның көлемі 27 млн гектарға жеткен. Соның салдарынан зооветеринарлық жағдай асқынып, мал басының ауру-сырқауы артып барады.



Дәулет
АСАУОВ

«Қазақтың көңілі қорадағы қойына қарап семіреді» дейді. Мал шаруашылығы – ықылым замандардан бері жалғасып келе жатқан ата-баба дәстүрі. Сондықтан жайылым жерлерді нәтижелі пайдалану халқымыз үшін өте көкейтесті мәселеге айналған-ды. Оның үстіне қазіргі заманда бұл агроөнеркәсіп кешенін дамыту саласында мемлекеттің экономикалық саясатын жүзеге асырудың бір бөлігі болып табылады. Осы маңыздылықтарды ескере отырып, Nur Otan партиясы кезекті отырысында аталған мәселені күн тәртібіне қойды. Партия бақылау комитеті тобының мүшелері Парламент Мәжілісі фракциясындағы депутаттарымен және партиялық бақылаудың өңірлік комиссияларымен бірлесе отырып, ҚР «Жайылым туралы» заңы нормаларының орындалуына мониторинг жүргізді.

Жалпы, республика аумағында 184,5 млн га жайылым бар, оның 94,3 млн га (51 пайызы) қолданысқа берілген. 90,2 млн га жайылым алқабы пайдаланылмайды (75 млн га – мемлекеттік қорда, 17,2 млн га – басқа санатта). Пайдаланудағы жайылымның 78 пайызы – ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің, 22 пайызы – елді мекендердің қарамағында.

Қазіргі күні ауылдық жерлерде 7738,7 мың (41,5 пайызы) адам өмір сүріп жатыр. Олардың қолында 9 млн 846 мың мал басы бар (ауылшаруашылық ұйымдарының қарамағында – 3,146 млн бас, жекеменшіктің қолында – 6,7 млн бас). Ішкі нарықтағы сүттің 75,5 пайызын, еттің 56 пайызын ауылдықтар өндіреді.

ҚР «Жайылым туралы» заңы бойынша жайылым жерлерін пайдаланудың 3 шартты түрі бар:

Бірінші – елді мекендердің маңайындағы жерлер. Ол – мемлекеттің меншігінде. Бұл

жерлер жергілікті халықтың қажеттілігі үшін беріледі. Тек аталған алқапта жайылатын мал саны мемлекет белгілеген нормадан аспауы керек. Мал басы шекті нормадан асып кетсе, ауыл округі аумағына тиесілі екінші деңгейлі жайылымға жіберіледі. Егер бұл жағдайда ауыл аумағындағы жайылым жерлер жеткілікті болмаса, жетіспеген көлем жекеменшік қорынан мемлекет меншігіне мәжбүрлі түрде алынып, жергілікті тұрғындардың мал жаюына беріледі.

Екінші – ауыл округі аумағынан акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, шаруа қожалықтары 49 жылға жалға алған жерлер. Сондай-ақ жайылымнан басқа, шабындық, орман шаруашылығы мақсатындағы және ерекше қорғалатын аумақтағы (табиғи қорықтар) жерлер бар. Өзен-көл алқаптары да осы деңгейге жатады. Көпшілік жекеменшік жер иелерінің қолында мал жоқ, сөйте тұра олар бос жатқан алқапқа халықтың мал бағуына рұқсат етпейді. Мұндай учаскелер жер пайдаланушылар мен жекеменшік жер иелері арасында ҚР «Жайылым туралы» заңы бойынша реттеледі.

Үшінші – сыртқы жайылым. Бұл жерлер – толықтай мемлекеттің меншігінде. Алайда ауылдықтар ол учаскелерге малдарын өздігінен апарып жая алмайды. Қолданыстағы заңға сәйкес жер пайдаланушылар мұндай жерлерге бір көше, әйтпесе тұтас ауыл болып ұжымдасып, келісіп, ортақ отар, табын шығарып, малдарын бірлесіп баға алады.

Халық наразылығын тудырған бір кілттипан осы тұстан шығады. Nur Otan партиясы бақылау комитеті тобы жүргізген мониторинг нәтижесі көрсеткендей, ҚР АШМ өкілетті органдары, жергілікті атқарушы органдар (аудан, ауыл әкімдіктері) ҚР «Жайылым туралы» заңы нормаларының орындалуына жүрдім-бардымы

қарайды. Осыдан барып жергілікті тұрғындар өз ауылдық округі аумағындағы жерлерді жайылым үшін толықтай пайдалана алмай отыр. Жыл сайын әкімдердің халық алдында есеп беру кездесуінде осы өзекті мәселе ұдайы көтеріліп, талай дау-дамай туғызғанмен, оңтайлы шешілмей келе жатыр. Соның кесірінен жайылым алқаптарының 43 пайызы пайдаланылмай бос жатыр.

Бүгінде барлық облыстарда (Ақтөбе облысынан басқа) жайылымдық жерлер жетіспейді. Кей өңірлерде бұл мәселе тіпті күйіп тұр. Мәселен, жайылым үшін қажетті норманың Түркістан облысында – тек 7 пайызы, Жамбыл облысында – 10 пайызы, Алматы облысында – 12 пайызы, Қызылорда облысында 13 пайызы ғана пайдалануға берілген.

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер мен шаруа қожалықтарының қарамағында 73,4 млн га жайылымдық алқап бар. Олардың қолындағы 3,146 млн бас мал үшін тек 26,3 млн га қажет. Ал 47,1 млн га аумағы пайдаланылмай бос жатыр. Керісінше, елді мекендердегі халықтың қолындағы 6,7 млн бас үшін 53,3 млн га жайылым қажет болғанмен, нақты жағдайда ауылдықтарға 20,9 млн га тиесілі. Яғни әлі 32,4 млн га жайылым жетіспейді.

АШМ мамандарының пікірінше, жергілікті халықтың мал жайылымы тапшылығын мемлекеттік жер қоры (75 млн га) және АШТӨ-нің бос жатқан жерлері (47,1 млн га) есебінен шешуге болады.

Көтеріліп отырған көкейтесті мәселе республикадағы барлық елді мекен халқының мал бағуына қажетті жайылымдық жерлердің ауданы анықталып, бекітілгенде ғана шешімін табады. Ол үшін ең алдымен ауылдық жерлердің нақты шекаралары бекітілуі тиіс.

Қазақстанда 2480 ауыл болса, соның 1611-інің шекарасы белгіленген, 869-ын нақтылау

жүргізіліп жатыр. Бұл шараны 2021 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған. Дегенмен ауыл шаруашылығы жерлерінің аудиті және жер кадастрын цифрлау барысы баяу және оның сапалық тұрғысына да сын аз емес.

2019 жылы жер заңнамасының сақталуы бойынша мемлекеттік бақылау жұмыстары барысында мемлекет меншігіне сот арқылы 1,2 млн га пайдаланылмай жатқан алқаптар қайтарылды. Сонымен қатар, жыл сайын жайылым үшін мемлекеттік қордан жаңадан 2 млн га жерлер қолданысқа енгізіледі.

Қазіргі күні жергілікті атқарушы органдар ауылдық округтер ауқымында жүргізілген геоботаникалық зерттеу негізінде жайылымдарды басқару жоспарын және жайылым айналымы схемасын бекіту жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Түйін: барлық өңірлер үшін жайылымдық жерлер тапшылығы үлкен проблемаға айналып отыр. Негізгі түйткілдер: ауылдар маңайындағы жерлердің жекеге сатылып кетуі; пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтару процесінің ұзақтығы мен күрделілігі; мемлекет меншігіне алынған жер үшін меншік иесіне ауқымы сонымен бірдей учаске берудің қиындығы (кей өңірлерде бос учаскелер жоқ); елді мекендер маңайындағы жерлердің көпшілігі екінші деңгейлі банктерде кепілде тұрғандығы; шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге мораторий жариялануы және тағы басқалар.

Сөз соңында айтарым, жер көлемі бойынша әлемде 9-орында тұрған, халық саны аз Қазақстанда «жайылымдық жер тапшы» деген уәжді естудің өзі ұят. Бұл «қыста қар жетпейді» деген сияқты біртүрлі оғаш естіледі. Мұны алақандай жерде, түк өспейтін құм мен тастың үстінде отырып, қыруар халқын асырап жатқан мемлекеттер естисе, күлкіден шектері қатып қалар. Сондықтан жайылымдық жерлердің жетіспеушілігі жер қатынасы мәселесінің дұрыс ұйымдастырылмағандығынан екені даусыз. Оны шешу – уақыт күттірмейтін мәселе.

ОТБАСЫНДА ТӘРБИЕ ОЛҚЫ

» Таяуда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі білім беру сапасына сын айтты. Бұл әділетті сын болды. Білім мен тәрбие – егіз ұғым десек, сәйкесінше қазіргі тәрбиенің де жағдайы мез емес. Туындаған мәселелерді Білім министрі Асхат Аймағамбетов биылғы баяндамасында атап өтті. Атап айтқанда, жастар мен жасөспірімдер арасындағы «Қазақстандық патриотизм» 13 пайызға құлдырағанын, қылмыс саны 5 пайызға, суицидтің 6,6 пайызға жоғарылағанын тілге тиек етті.

Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы. «Отанға деген сүйіспеншілік отбасыдан басталады». Бірақ осыны жоғалтып алдық. Халқымыздың «қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген аталы сөзі осыны айтса керек-ті. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы оқушылар арасында отбасылық қарым-қатынасты анықтау мақсатында 2019 жылы әлеуметтанушылық зерттеу жүргізген. Нәтижесінде ата-аналардың 62 пайызы өз бала-



ларына жеткілікті уақыт бөлмейтінін, 43 пайызы балаларының проблемаларына аз мән беретіндігі анықталған. Жоғарыда айтылған келеңсіздіктерге бірден-бір себепкер отбасы тәрбиесінің кемдігінен деген қорытындыға келдік. Қазіргі заманғы тәрбие жүйесіне жаңаша көзқарас қажеттігі айқындалды. Ол қандай бағыт-бағдар дейсіздер ме? Бұл Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында анық айтылған. Жаңа бағытымызды «Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» деп соқырға таяқ ұстатқандай түсіндіреді.

Өкінішке қарай, мемлекет жүзеге асыруға 11 трлн теңгеден астам қаржы бөлген 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – БДМБ) бұл жағы ақсап тұр. Аталған БДМБ-да 5 бағыт, 11 міндет қарастырылған. Соның ішінде «Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету» бағытында негізгі міндеттердің бірі – «жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» болып бекітіліпті. Менің ойымша, «ұлттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» деп аталған дұрыс. Олай болмаған жағдайда, 11 трлн желге ұшты деген сөз. «Өркендеу» жобасы осындай қоғам сұранысына сай жоба болып отыр. Жоба 3 жылдан аса өзінің тиімділігін көрсетіп берді. Жобаны жүзеге асыруды жолға қою керек.

«Өркендеу» жобасы отбасылық тәрбиеге негізделген. Туған шаңырақтан алған тәрбие – бұл барша халқымыздың бақуатты да табысты болашағының кепілі. Ал оның іргетасы мектепте қаланады.

Болат БАЙҚАС,
Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясының
аға ғылыми қызметкері



МҮМКІН ЕМЕС НӘРСЕ ЖОҚ

» Төтенше жағдайға байланысты жабылған «Green Tal» дәмханасы жұмысын қайта жандандырды. Бір айтарлығы, бұл жерде сізге қызмет көрсететін қыз-жігіттердің ешқайсысы сөйлемейді. Бірі – туғаннан, енді бірі – сәби шағынан құлағының мүкістігі бар жандар.

Түскі астың кезі. Ерекше дәмханаға күлімсіреген күйі кірдім. Іште қонақтар көп емес, кірген бетте көрмеге келгендей күй кештім. Мұнда «Green Tal» әлеуметтік шеберханасынан шыққан киізден тігілген сөмкелер, бағалы тастардан жасалған сақина мен сырға, қолөнерлік бұйымдардың түр-түрі қойылған арнайы бұрыш бар. Сондай-ақ оң жақтағы қабырғаға «Green Tal» жобасының 5 жылда жеткен жетістіктерін дәлелдейтін диплом мен сертификаттар ілінген.

Ақырын жүріп, ас мәзірін де көріп үлгердім. Екі қабатты пицца әзірлейді екен әрі таңғы ас пен түскі ас бар, тәттілердің түр-түрі көрсетілген. Сол сәтте мені көрген даяшы қолымен ишарат беріп бос орынды нұсқады. Кіреберістері бардан «сәлеметсіз бе?!» деген үн шыққанда сәл тосылып қалғанмын. Журналист екенімді айтып, дәмхана жұмысымен таныстыратын адамның бар-жоғын сұрадым. Ол кезде дәмхана басшысы қонақтардан тапсырыс қабылдап жүр екен. Жаныма асыға жетіп, амандық сұрады. Дерек жаңа ғана тапсырыс түскенін, оны жеткізіп салу кергін айтып, кешірім сұрады. 15 минут күте тұруды өтінді. Бір қызығы, дәмхана ғана емес, бірдей бір «Green Tal» жобасының жетекшісі, Қазақстандағы ең бірінші әлеуметтік кәсіпкер Эмин Әскеров жеткізіп салу қызметімен өзі айналысады. Бұл уақытта дәмхана қызметкерлерімен әңгіме өрбиді.

ЫМДЫ БІЛГЕНІЗ ЖӨН

Құлағының мүкістігі бар жандармен қалай тілдестің дерсіз?! Бардағы қызметкер ерекше жандар қатарынан болмай шықты. Жұмыс кезінде даяшылармен ым-шара арқылы сөйлеседі. Олардың қимылы мен эмоциясына қызыға қараған маған бармен қызметкер сурдоаудармашы болып тұрды. Тапсырыс саны артып, дәмханаға келушілер қатары көбейіп келеді. Сол арада уақыт тауып,

сұрақтарыма да жауап берді, тіпті ым-шара тілін де үйретіп үлгерді. «Рақмет», «ас болсын», «халің қалай?» дегенді меңгеріп алдым. – Басында ерекше жандармен жұмыс істеу қиын көрінген, жазу арқылы ғана түсінісіп жүрдім. Уақыт өте олардың тілін түсініп кеттім. Өйткені эмоция, іс-қимыл арқылы түсіндіргендіктен оңай екен. Қолымыз бос кезде кітап оқып, шахмат ойнаймыз. Бұл жер – үлкен отбасы. Бір қызығы, біздегі қызметкерлерге жай ғана күлімдеп қарасаңыз жеткілікті. Ерекше қуаныш сыйлайсыз, – дейді Жәніл Жаншина.

БАСТЫСЫ – ЫНТА МЕН ЖІГЕР

Бұл дәмханада 12 адам жұмыс істейді. Тек ауысыммен істейтін екі бармен сөйлейді, ал қалғандары қол қимылымен түсіндіретін 20-25 жас аралығындағы қыз-жігіттер.

«Green Tal» жобасының менеджері Айдана Турабекованың айтуынша, ерекше жандар жұмысқа бірден кірісіп кетуге жүрексінеді, себебі сау адамдармен қарым-қатынаста түсініспеушілік туындай ма деп алаңдайды. «Ниет білдірген адамның жеке өмірі, жұмыс өтілі, отбасылық жағдайы, ол көпбалалы немесе жалғызбасты ана болсын, ауру деңгейінің жоғарылығы, мүгедектіктің барлық деңгейі, тіпті жазасын өтеп, темір тордың арғы бетінен келсе де бізге шарт емес, жұмысқа қабылдауға дайынбыз. Біздегі басты талап – жұмыс істеуге деген ынтасы мен жігері. Қалғанын өзіміз үйретіп аламыз. Жұмыс істеуге қызығушылығы болмаса, сау адамды да орналастыра алмаймыз. Соңғы үш жылда біз денсаулығында менталдық ақаулығы бар, шизофрения диагнозы қойылған жандарды қабылдап келеміз» деп тарқатты Айдана Турабекова.

«Елордада дизайнерліктің оқуын оқыдым. Қазір осы дәмхананың даяшысымын. Мүмкіндігі шектеулі жан болған соң дипломмен жұмыс табу қиын. Сондықтан уақытша осында қызмет істеп жүрмін. Алдымен қонақтарға осал топқа жататынымды ескертіп, түсіністік танытуын сұраймыз. Кейін тапсырысты жазбаша



түрде қабылдаймыз. Жалақым көңілімнен шығады, 90 мың теңгенің шамасында. Болашақта еліміздегі ең танымал дизайнер атанғым келеді» дей келе, дәмхана даяшысы Аягөз Айболат ең басты арманы үнемі қоғамға қажет болу, пайдасын тигізу екенін атап өтті. Әрине, мұның бәрін телефон арқылы түсіндірді. Осы бір хат алмасудан өте ерекше әсер алдым.

Эмин Әскеров әлеуметтік кәсіпті қолға алғанына биыл бесінші жыл. Алғашында кәсібін тоқымашылықтан бастаған. Әлеуметтік бағытты таңдаған соң ерекше қажеттілігі бар, мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа орналастырған екен. Басында сұраныс болмаған соң еңбегі мен түскен табысы сай келмей, 5,5 млн теңге жоғалтады.

«Мен ешуақытта қомақты қаржыдан айырылғанымға өкінбеймін. Олай болмағанда,

қазіргі деңгейге жетпес едім. Себебі барлығы бірден болмайды. Бастысы, басына күн туғанда құламай шыдап беру емес, құлаған соң қайтадан бас көтеру. Бүгінде «Green Tal» 9 түрлі бағыт бойынша жұмыс істеп жатыр. Олардың арасында тігіншілік, полиграфия, декоративті бағыт, киізден кілем басу секілді салалар бар. Биыл әлеуметтік дәмхана мен әлеуметтік автожуу орталығы қатарды толықтырды. Барлығында жұмыс қызып жатыр. Жалпы саны 74 қызметкеріміз бар» деді кәсіпорын жетекшісі.

КӨЛІК ЖУАТЫНДАР ҚАЖЕТ

Бүгінде Д.Қонаев көшесі, 14/2 мекенжайында орналасқан көлік жуу орталығында 11 мүмкіншілігі шектеулі жан нәпақасын тауып отыр.

«Олар өздеріне таңсық жұмысты аз уақытта меңгеріп алды. Шағым айтып келген клиент болған емес. Ерекше жандар әдеттегі уақыттан аздап ұзағырақ жууы мүмкін. Бірақ келген көлікті жылтыратпай жібермейді. Мысалға, шизофрения диагнозы бар жандар бірнәрсені беріліп жасайды. Ал менталды бұзушылық диагнозы қойылған қызметкерлеріміздің ойлау қабілеті өзгешеулеу. Асықпай, әрісіне мұқият қарайды» деп ерекше пікірімен де бөлісті Эмин Әскеров.

Автожуу кешенінде бірінші топтағы мүгедектігі бар қызметкерлер 7 сағат жұмыс істесе, үшінші топтағылардың уақыты – 8 сағат. Айта кету керек, орталыққа әлі де қызметкерлер қажет. Ол үшін көлік жуу орталығының Instagram парақшасындағы байланыс нөмірлеріне хабарласуы қажет. Сонымен қатар «Green Tal» жақын уақытта Тараз бен Павлодар қалаларында өз филиалын ашпақ.

ТЕХНИКА ТІЛІН ҮЙРЕТЕДІ

Кәсіпорын басшысы 90 пайыз көру қабілетінен айырылған жанның жан тебірентер оқиғасымен бөлісті. «Шеберханаға жұмыс сұрап, көзілдірік таққан Фархат есімді жігіт келді. Ол кезде біз көрзінке, құмыра секілді дүниелер тоқумен айналыстық. Өзіңіз ойлаңыз, бір көзімен, оның өзінде 10 пайыз ғана көру қабілетіне ие зағип жан қалайша тоқымашылықпен айналысады? Алғашқыда жұмысқа қабылдауға жүрексіндім. Бірақ мүмкіндігі шектеулі жанның сағын сындырғым келмеді. Жұмысқа емес, жай ғана уақыт өткізуге келіп-кетіп жүруіне рұқсатымды бердім. Бір айдан соң Фархатпен қош айтысқым келген. Өйткені қолынан келмей жүрді. Маған да, оған да зияны жоқ қой, жүрсе жүре берсін деп шештім. Айтса адам наңғысыз, 90 пайыз көрмейтін адам қызығушылығы мен табандылығының арқасында 4 айда бәрін үйреніп алды. Ал 4 жылдан кейін өзінің әлеуметтік кәсібін ашты. Қазір өзі сияқты зағип жандарды техниканың тілін меңгеруге үйретіп жүр».

Бұл да талаптанған кез келген адамның алдына қойған мақсатына жететініне тағы бір дәлел.



ЖЕТПІС БЕС ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ ЖЕҢІС ШЕРУІ

» Жыл сайын 9 мамырда аталып өтілетін Жеңіс мерекесі биыл пандемия салдарынан кейінге шегерілген болатын. Ұлы Отан соғысының тарихына үңілсек, 1945 жылдың 24 маусымында Мәскеудегі Қызыл алаңда алғашқы Жеңіс шеруі өткен екен.

Ғалым
ҚОЖАБЕКОВ

Енді, міне, бұрынғы КСРО құрамындағы республикалардың ортақ мерекесіне айналған Жеңіс күніне арналған дәстүрлі салтанатты шеру кеше Мәскеудегі Қызыл алаңда өтті. Ресей астанасына неміс фашистеріне қарсы тізе қосып соғысқан бұрынғы Кеңес республикаларының, сонымен қатар Екінші дүниежүзілік соғыста одақтас болған

мемлекеттердің де басшылары мен әскерілері қатысты.

Жеңістің 75 жылдығына арналған шеруге Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің шақыруымен Қазақстан басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та мейман болды. Сондай-ақ шеруге қатысқан шетел әскерлерінің қатарында Қазақстан Қарулы күштерінің әуе-десантшылар әскерінің жауынгерлері де болып,

Қызыл алаңда көк туымызды желбіретіп өтті.

Ұлы Отан соғысы кезінде Кеңес Одағынан 27 миллионға жуық адам қаза тапты. Жауға қарсы қиян-кескі ұрыстарда 603 мың Қазақстан азаматы жер жастанды. 497 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Ерлігі аңызға айналған отандастарымыздың арасынан Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов және Сергей Луганский екі мәрте

Кеңес Одағының Батыры атанса, Иван Кожедуб үш мәрте батыр атанды. Жүз мыңға жуық жерлестеріміз жауынгерлік орден, медальдармен марапатталды.

Бүгінгі таңда елімізде Екінші дүниежүзілік соғысты бастан кешкен майдангерлер қатары күн санап азайып барады. ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің 1 мамырдағы соңғы мәліметі бойынша Қазақстанда 1025 соғыс ардагері өмір сүруде.

Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архивінде XX ғасырдың басынан бүгінге дейінгі аралықты қамтитын Ақмола өңіріне, қала тарихына қатысты 406797 істі қамтитын 710 қор мемлекеттік сақталуда. Архив қорындағы Ұлы Отан соғысының тарихына қатысты құжаттарды орналастыру, жинақталу тәртібіне қарай төрт топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншіден, архивтің толықтыру көздері болып табылатын мемлекеттік мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар қорындағы құжаттар. Бұл құжаттар – сол кезеңдегі Ақмоладағы оқиғалардың құжаттық хроникасы.

32 мыңнан аса халқы бар Ақмола 1939 жылы Ақмола облысының орталығы мәртебесін алады. Майданға 9783 ақмолалық аттанған, оның 7414-і қайта оралмаған, 43 ақмолалық жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

Соғыс кезеңінің құжаттары биліктің жергілікті органдары мен басқармаларының, ведомство мен ұйымдардың қорларында қаулы-қарарлар түрінде; жергілікті кеңес жұмыстарын әскери уақыт талаптарына сай құру барысы, тылдағы еңбеккерлерінің жанкешті еңбегі туралы жазбалар, анықтамалар түрінде берілген. Бұл:

- соғыс жылдарындағы шаруашылық тұрмысын қайта құру; елдің фашистік басқыншыларынан азат етілген аудандарына тұрғындардың жәрдемдесуі;
- эвакуацияланған тұрғындарды, өнеркәсіптік кәсіпорындарды, балалар үйлерін және мәдени мекемелерді қабылдау және орналастыру;
- қоныстандырылған халық өкілдерін қабылдау және тұрмыстық орналастыру, жұмыспен қамту;
- жұмысшылар колонналарына жұмылдырылған азаматтардың отбасыларының жағдайы;
- жалпы әскери іске үйрету; әуе шабуылына және химиялық қорғанысқа дайындау; Отанды қарулы қорғау;



» Әлем тарихында өзіндік орны бар Ұлы Жеңістің 75 жылдығы – бәрімізге ортақ мереке, ортақ тарих тағылымы, тарихшылар үшін, өткеннен сабақ алуға ұмтылған кейінгі ұрпақ үшін мәңгілік тақырып.

бастапқы күнінен бастап жауынгерлік бөлімдерді жасақтау орталығының біріне айналды. Аса қысқа мерзімде 310, 387-атқыштар дивизиясы, 72-гвардиялық атқыштар дивизиясы, 106-атты әскер дивизиясы Ақмола жерінен майдан даласына аттанды. Ақмолада жасақталған әскери бөлімшелер мен дивизиялардың құжаттары, әскери операциялар, жан алып, жан беріскен қиян-кескі соғыс оқиғаларының толық хронологиясы, жеке жауынгерлер туралы мәліметтері, тарихи формулярлар мен соғыс әрекетіндегі журнал-

СОҒЫС ДЕРЕГІ САҚТАУЛЫ

- өнеркәсіп, ауыл шаруашылығының, көліктің, байланыстың, сауданың және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайы мен дамуы;
- мәдени-ағартушы мекемелердің, бұқаралық ақпарат құралдарының, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, дене шынықтыру және спорт мекемелерінің жағдайы мен жұмысы туралы;
- соғыс батырларының құрметіне аталған көшелер, жеңімпаз жауынгерлерді туған жерінде қарсы алу, жауынгерлік марапаттар туралы көп қырлы ақпаратты қамтитын 48 қордың құрамындағы 1941-1945 жылғы құжаттар.
- Ұлы Отан соғысы құжаттарының келесі бір тобы бұл жеке тектік қорларда жинақталған құжаттар.
- Майданнан соң еңбек жолын жалғастырып, ғылым,

мәдениет, халық шаруашылығының түрлі салаларында қызмет еткен Ұлы Отан соғысына қатысушылардың жеке қорлары. Бұдан басқа, 47 майдангердің, Сталинград шайқасы ардагерлерінің құжаттары мен фотосуреттері, келесі бір істе 50 ардагердің бейбіт күнде түскен фотосуреттері 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысына қатысушылардың жеке тектік құжаттарының коллекциясында (61 қор) топтастырылған. Жеке тектік қорлар құрамында отбасылық архивтерде сақталған, кейіннен архивке тұрақты сақтауға берілген: Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлерінің жеке құжаттары, олардың естеліктері және шығармашылық, әскери, қоғамдық қызметі туралы құжаттары, марапаттау құжаттары, майдандық хаттары, соғыс жылдарындағы

фотосуреттері; соғыс және тыл ардагерлері туралы мақалалар және т. б. бар. Майдангерлердің естеліктері, өмірбаяндары, жауынгерлік марапаттары, хаттарымен архив қорын толықтыру жалғасуда. Ақмола қалалық әскери комиссариатынан 1942 жылы 8 қаңтарда майданға аттанып, 1945 жылы 10 қазанда оралған, еліне еңбек еткен Жусупов Жақып атанып кеше ғана ұрпақтары архивке тапсырды. Бұдан басқа да 10 ардагердің құжаттары жинақталып, тұрақты қабылдауға алу жұмыстары жалғасуда. Жеке қорлар туралы айтқанда Астанада ұйымдастырылған, отыз жылдай жұмыс жасаған «Мемориалды аймақ» іздестіру отрядының командирі, зерттеуші-ғалым Майдан Құсайыновтың еңбегін айта

кеткен жөн, РФ Қорғаныс министрлігінің орталық архивінің материалдары бойынша көптеген қазақстандық дивизиялар мен полктердің жаппай жерлеу орындарын анықтаған бірден-бір азамат. Майдан ағамыздың ізденген тынымсыз, адал еңбегінің нәтижесінде көптеген солдаттар мен командирлердің есімдері анықталды. «Мемориалды аймақ» іздестіру отрядының жұмысы мен Майдан ағамыздың зерттеулерімен 482, 576-қорлардан танысуға болады. Құжаттардың енді бір тобы Қазақстанды әлемге танытқан дивизиялардың жасақталуы, әскери әрекеттер хроникасы, соғысқа қатысқан қазақстандық батырлар – Кеңес Одағының Батырлары туралы шетел архивтерінен жинақталған құжаттар. Ақмола қаласы соғыстың

дар, әскери әрекеттердің карталары, майдан бойынша Ұлы Отан соғысына қатысқандардың тізімдері, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Бигелдинов, Кеңес Одағының Батыры, академик-жазушы Мәлік Ғабдуллин, Рейхстагқа тұтіккен Рахымжан Қошқарбаев, Кеңес Одағының Батыры Төлеген Тоқтаров туралы архив деректері Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің орталық архивінен (ЦАМО) алынды. Бұл құжаттар 2003 жылға дейін құпия сақталып келген. Мысалы, архив қорының РФ Қорғаныс министрлігінің орталық архивінен алынған құжаттар коллекциясында КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының жарлығымен 1944 жылы 26 қазанда Талғат Жақыпбекұлы Бигелдиновке Кеңес Одағының Батыры атағын



беру туралы грамота көшірмесі, 1945 жылы 27 маусымда «Алтын жұлдыз» медалімен марапаттап, туған жерінде қоладан бюст орнату жөнінде қаулы қабылданғаны туралы грамота, орден кітапшасының есептік карточкасы, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Бигелдиновтің қызмет картасы, украин ақыны В.Мартыновтың арнау өлеңі және 1980 жылы 4 шілдеде «Целиноград қаласының құрметті азаматы» атағын беру туралы куәлік көшірмесі сақталған. Осы сияқты М.Ғабдуллин, Р.Қошқарбаев, Т.Тоқтаровқа қатысты деректер де бар.

Шетел архивінен жинақталған коллекция 430 қорда сақтаулы.

Беларусь Республикасының Ұлттық архивінен партизан қозғалысына қатысқан 73 қазақстандық жауынгерлердің жеке істері алынды.

Пискарёв бауырластар зиратында жерленген қазақстандықтар жөнінде де мәлімет жинақталған.

Ресей және Беларусь архивтерінен алынған құжаттар негізінде соғыста қаза тапқан және із-түзсіз жоғалған жауынгерлердің ұрпақтары өз жақындары туралы ақпаратқа қол жеткізді.

Архивте Ұлы Отан соғысына қатысты деректердің аз ғана бір бөлігі – баспа басылымдары, анықтамалықтар, мерзімді басылымдар, плакаттар, жәдігерлер.

Архивтің кітапхана қорында аталмыш тақырыпқа байланысты 100-ге жуық ғылыми, әдеби, деректі басылымдар, естеліктер мен құжаттар жинақтары, анықтамалықтар, ғылыми конференция және дөңгелек үстел материалдары зерттеушілердің назарына ұсынылады.

Айта кетсек, «Боздақтар» естелік кітабы, Ақмола облысы бойынша 8 томдық; «Сұрапыл жылдар қаһармандарына тағзым» ақмолалық майдангерлердің жеңіске жету жолындағы күресі туралы естеліктер жинағы, 6 томдық; Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архивінде жинақталған деректер негізінде 2010 жылы жарық көрген «Ақмолалықтар – майдан мен тыл шебінде» (құрастырушы –

32 МЫҢНАН АСА ХАЛҚЫ БАР АҚМОЛА 1939 ЖЫЛЫ АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ МӘРТЕБЕСІН АЛАДЫ. МАЙДАНҒА 9783 АҚМОЛАЛЫҚ АТТАҢҒАН, ОНЫҢ 7414-І ҚАЙТА ОРАЛМАҒАН, 43 АҚМОЛАЛЫҚ ЖАУЫНГЕР КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ АТАҒЫН АЛДЫ

Құсайынов М.К.), 2015 жылы жарық көрген «Говорят архивы...» (құраст.: Ақтайлақ Б., Темирбаева М., Каменұлы А.) және т. б.

Екінші дүниежүзілік соғыс, Ұлы Отан соғысының тарихы, оның себептері мен құпиялары туралы осы уақыт аралығында қаншама архив құжаттарының жинақтары, ғылыми еңбектер, монографиялар, мақалалар жазылды, деректі фильмдер түсірілді, ғылыми-тәжірибелік конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізілді. 1939-1945 жылдардың тарихына қатысты кеңестік кезеңде зерттеуге тыйым салынған тақырыптар да ашылды, жаңа тұжырымдар жасалды, қайта ой қорыту басталды. Бұл тақырып әдеби-көркем шығармалар мен көркем фильмдердің объектісіне айналды. Десек те, толық және нақты жауабы жоқ сұрақтар өте көп. Саясатты былай қойғанда, соның бірі – хабарсыз кеткендер, белгісіз солдаттар, кеңестік әскери тұтқындар мәселесі.

Бұл ретте еліміздің архив мекемелері қоғамдық ұйымдармен алыс-жақын шетелдердегі архив және кітапхана қорларындағы жаңа құжаттар мен материалдарды анықтау арқылы Қазақстан тарихы жөніндегі тарихи зерттеулердің дереккөздер базасын ұлғайту, Екінші дүниежүзілік соғыстың әскери тұтқындары жөніндегі ақпаратты анықтау, бұрынғы әскери тұтқындардың соғыс кезіндегі және одан кейінгі тағдыры туралы құжаттар мен материалдарды жинақтау жұмысын жүйелі түрде бірігіп атқаруы тиіс.

Қазақстанның әрбір өңірінде Ұлы Жеңістің 50 жылдығына орай арнайы шығарылған

«Боздақтар» естелік кітабында майданға қатысушылар мен қаза тапқан, хабарсыз кеткен боздақтар туралы ақпараттық анықтамалық үлкен көмекші құрал болды. Дегенмен жер қойнына сүйегі арулап қойылмаған талай боздақтың есімдері әлі анықталмай отыр.

ТМД елдерінде 800 іздестіру жасақтары өз еркімен сұрапыл соғыста қаза болғандар тағдырын анықтау бойынша жұмыс жүргізіп келеді. Осы ретте «Боздақтар» кітабындағы мәліметтер мен тың мағлұматтарды салыстыра зерттеу маңызды. Іздестіру отрядтары мен архивистер еңбегінің нәтижесінде жыл сайын жаңа бір құпия ашылып жатады. Жер-жерде хабарсыз кеткендердің тізімі архивтерден алынған деректермен салыстырылып, ғылыми ізденіс жұмыстары жүргізілуде, тізімді нақтылау жұмыстары жекелеген облыстарда қолға алынғанынан хабардармыз.

Ұлы Отан соғысы мұраларын мәңгі есте қалдыру және барлық мұрағаттық фото және бейне материалдарға, оның ішінде цифрлаудың жаңа технологияларын қолдана отырып, кешенді түгендеу жүргізу жұмыстары архивте жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

Бүгінгі ұрпақ қан майданда елі үшін, жері үшін жан аямай күрескен ата-аналарымыздың ерліктерін әрқашан қастерлеп жадында ұстайды. Архив қызметкерлері ақтандақтардың беймәлім парақтарын ашу, жаңарып, жаңғырған деректерді қажеттіліктеріне қарай сіздерге ұсыну бағытында жұмысын жалғастыратын болады.

Ғазиза ИСАХАН,
Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архиві ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы

АНАҒА ТАҒЗЫМ!

» Ескерткіш көпұлтты Кеңестер Одағы халқының елдігі мен ерлігіне сын болған Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 75 жыл толуына арналды. Тағдырын оққа байлаған ер-азаматтар майданда қан кешіп жүргенде, бақытын соғыс ұрпаған арулар олардың орнын басып, белдері қайыса жүріп еңбек етті, қарттар мен балаларды аман сақтауға, жеңісті жақындатуға баға жетпес үлес қосты.

Өлім мен өмір белдескен 1418 күн мен түн! Қаншама әйел қара жамылып, соғыс жесірі атанды. Жарын, әкесін, баласын күтуден жалықпаған, қосағының қара шаңырағын құлатпауды, ар-ұяты ойлаумен таңды атырған асыл аналар қандай құрметке болсын лайық.

Адамзат тарихында Ұлы Отан соғысынан асқан сұрапыл соғыс болған емес. Сол соғыс жылдарындағы аналардың, әкелердің ауыр тағдырын, жеңіске қосқан орасан зор үлесін дәріптеу – біздің перзенттік парызымыз. Соғыс жылдарындағы барлық аналардың қасиретті тағдыры осы қасиетті Қазығұрт тауының етегінде орналасқан «Анаға тағзым!» ескерткішінен көрініс тауып тұр. Өзіңіз анаға зер салыңызшы, өзі отызға жетсе енді жеткен бе, жетпеген бе, бірақ сұм соғыс шашын ағартып, көзіне терең мұң салған. Үстіндегі киіміне көз салыңызшы, сол соғыс жылдарындағы жалпы жұмысшы-колхозшылардың киетін күпәйкесі, белін орамалымен шарт буынып алып, оған орағын қыстырып қойған. Жан-жағына орған бидай масағын баулап жиып қойып, алыстан көз ұшында қарайған бір қарашыққа «әкесі келе жатқан жоқ па екен?» деген үмітпен Батысқа қарай ұзақ көз салуда. Қолындағы баласы да «әкең келе жатыр!» деген анасының сөзіне жұбанып, сонау көз ұшындағы қарайған бір нүктеге «Шынымен, келе

жатқан әкем бе?» деген баласының да үлкен үмітінің үзілмеуін тілегіміз келеді. Өткен өмірдің ауырталығын естен шығармас үшін бүгінгі және ертеңгі ұрпақ қасиетті аналар мен аталардың қаны, еңбектері мен жеткен жеңісті бағалай жүрсін деп осы ескерткішті орнаттық.

Қоладан құйылған ескерткіштің өзінің биіктігі – 3,5 метр, гранит тастан тұрғызылған тұғырының биіктігі – 7 метр, оның үстіне Қазығұрт тауының етек жағындағы үлкен төбенің үстіне қойылғандықтан, бұл – өте еңселі де алыстан көз тартатын, жер бетіндегі ана атын алған алып тұлғаларға арналған, ұрпақтарының атынан жасалған үлкен құрмет белгісі.

Ескерткішті әсептеген – мәскеулік мүсінші, ғалым-скульптор, өнертану ғылымының докторы, профессор, Ресей өнертану ғылым академиясының академигі, Ресей халық суретшісі, КСРО және Моңғолия мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Бурганов Александр Николаевич.

Алапат күндердің жаңғырығы алыста қалса да, біздер соғыс ардагерлері мен тыл ардагерлері болған аналар рухын ардақтап, естен шығармай рухтарына бас иіп, тағзым етуді парыз санаймыз!

Бекет ТҮРҒАРАЕВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері



@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

КАРАНТИН БІТСІН ДЕСЕҢ, САНИТАРЛЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТА!



Дәулет АСАУОВ № 58 (4027) 19 мамыр 2020

Humar MULIK:

Жұрт арасында «индет бар дегені өтірік, болса келмей ме, қолғап және бетперде қажет емес, барлығынан ақша жасап жатыр, халықты құр үрейлендіру ғана» дейтін топ көбірек.



САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ САЛАҒА РЕФОРМА КЕРЕК

Райхан РАХМЕТОВА № 60 (4029) 23 мамыр 2020

Serik KEREY:

Мемлекетке реформа керек. Бір салаға реформалар жасау – бос әңгіме. Популизм.



БАТЫР ҚЫЗДАРЫМЫЗ – «ХАЛЫҚ ЖАУЫНЫҢ» ПЕРЗЕНТТЕРІ

Дәулет АСАУОВ № 63 (4032) 30 мамыр 2020

Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ:

Әлия Әубәкір ағасының қолында, кейін балалар үйінде өскен деуші еді. Ал Мәншүктің (шын аты – Мәнсия) әкесі Ахмет «халық жауы» деп ұсталып кеткен. Мәншүк – майданға өз еркімен сұранып, жазықсыз жалаға таңылған әкесін ақтап алғысы келген үлкен жүректі батыр қыз. Батыр екенін майдан даласында қанымен, жанымен дәлелдеді.



ҰЛЫҚ ҰЛЫС – АЛТЫН ОРДА ҚАЙ ТІЛДЕ СӨЙЛЕГЕН?

Мұрат САБЫР № 68 (4037) 11 маусым 2020

Үзілдік ЕЛЕУБАЙҚЫЗЫ:

Толық оқып шықтым, біраз тарихи танымды сараладым.

Munaidar BALMOLDA:

Керемет мақала! Ғалым осы ізденісін, еңбегінің жемісін «Тарихтан тағылымдама» тарқатып, халыққа дәм татқызған болатын.



«ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫНЫҢ» ОЛҚЫЛЫҒЫ

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ № 62 (4031) 28 мамыр 2020

Шәмелхан БҰХАТХАН:

Мақалада олқылықтарды өте жақсы көрсеткен. Өз басым Қазақстанда түсірілген киноларға көңілім толмайды, олқы тұстары өте көп. Кино түсірушілер қазақтың киіз үй мәдениетінен хабарсыз. Мен киіз үйде туып, сонда өстім. Шаңырақты қалай көтереді? Туырлықты қалай жабады? Бау-шу, басқұрды қалай басады? Түндікті қай жағынан әкеледі? Тізіп айтар болсақ, сөз көп. Өкінішке қарай, Қазақстандағы тарихи киноларда бұл мәселелер ескерілмейді. Қазақ жорықта көбінде қос, шатрақ, абылайша тіккен, шатырды көп қолданбаған. Түндігі жоқ киіз үй болмайды!

Кино – бір ұлттың бітім-болмысы. Киноны кеңесіп отырып кемелді жасау керек! Бір ұлттың атынан кино түсіру жеңіл-желпі жұмыс емес. Сондықтан киіз үй тігу жағынан дәстүрі таза сақталған Алтай қазақтарынан үйрену керек! Киіз үй тігіп, күндіз түндігін жауып қоятын қай қазақ бар еді?! Ал Қазақстанда оны ескеретін адам жоқ, өлік шыққан үйдегі түндігі жабулы тұрады. Қысқасы, қазақ тілін жарытып сөйлей алмайтындар қазақтың салт-дәстүр, тарихынан сөз айтса да болады.



БАЙБОСЫНОВ ВИГИ

Бір ұлттың бітім-болмысы. Киноны кеңесіп отырып кемелді жасау керек! Бір ұлттың атынан кино түсіру жеңіл-желпі жұмыс емес. Сондықтан киіз үй тігу жағынан дәстүрі таза сақталған Алтай қазақтарынан үйрену керек! Киіз үй тігіп, күндіз түндігін жауып қоятын қай қазақ бар еді?! Ал Қазақстанда оны ескеретін адам жоқ, өлік шыққан үйдегі түндігі жабулы тұрады. Қысқасы, қазақ тілін жарытып сөйлей алмайтындар қазақтың салт-дәстүр, тарихынан сөз айтса да болады.

БАЙБОСЫНОВ БИГИ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ № 62 (4031) 28 мамыр 2020

Sarsengali ZHUZBAEV:

Аманғали жазса сытырып-суырып жазады.

Нұртөре ЖҮСІП:

Тұшынып оқыған бір мақала! Атан түйелік жүгі бар!

ТЕЛЕТЕРЗЕ 9



«ОЙЫНЫҢ ОСЫЛСЫН» ДЕЙТІН ЕШКІМ ЖОҚ ПА?!

Қазақстан телеарналарының саны азайып кеткеніне қызығамын. Қазір тек бір-екі арна ғана қалған. Олардың қалыптасуына қызығамын. Олардың қалыптасуына қызығамын. Олардың қалыптасуына қызығамын.

«ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫНЫҢ» ОЛҚЫЛЫҒЫ



АЛМАТЫҒА АЙМАУЫТОВ КЕЛГЕНДЕ...

Меруерт ЕСЕНБЕК № 63 (4032) 30 мамыр 2020

Болат ЖЕТЕКБАЙ:

Ақеділ Тойшанұлы Бутаковкідегі үйіне апарып, қонақ қылып, біраз сырласқан.

Сайлау БАЙБОСЫН:

Алматыда Жүсіпбектің інісі Жақыпбектің немересі Бауыржан деген ағамыз тұрады, дәрігер, ғылым докторы. Сол үйдегі жеңгеміз Бектұр қария жайлы біраз әңгіме біледі. Кемеровоға іздеп те барған кезінде...



АЛМАТЫҒА АЙМАУЫТОВ КЕЛГЕНДЕ...

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ТЕҢ ЖАРТЫСЫН ЖАЛМАҒАН...



АЛАШТЫ ҰРАН ЕТКЕН ҰЛ



АЛАШТЫ ҰРАН ЕТКЕН ҰЛ

Кенжебай АХМЕТОВ № 63 (4032) 30 мамыр 2020

Динаш ОСПАН:

Жақсы жазылған мақала. Алдында отырған шәкірттерінің жан дүниесін түсіне білетін ұстаз еді ғой.

ҚАШАҢҒЫ ПАЛАУ ЖЕЙ БЕРЕМІЗ?

Айгүл УАЙСОВА № 67 (4036) 9 маусым 2020

Бірсыбек ТОҚТАСЫН:

Өте орынды мәселе көтердіңіз! Бұл – үкіметтік деңгейде қолға алатын іс. Менің де үнемі ойымды мазалайтын мәселе. Біраз уақыт бұрын осы тақырыпта жазған болатымын. Бізде өкініштісі сол, қаптаған қытай, ұйғыр, өзбек, дүнген, грузин, түрік, т. б. біраз ұлттың асханалары, донер, шаурма, фаст-фудтар қаптап кетті. Теңгенің қызығын қазақ емес, өзгелер көріп жатыр.

Нұргүл ШАМАЕВА:

Иә, қазір табиғи құндылықтарға қолымыз жетпей қалды. Басқаны айтпағанда, тіпті құнарлы, пайдалы ұлттық тағамдарға. Ал ұзақ қалыптасатын рухани аштық бізді түбі кім қылатынын бүгін ойлауға өреміз жетпейді.

Erzhan TOGAIBAEV:

Ұлттық тағам түрлерін насихаттау керек. Көбейту керек. Енді-енді пайда болып жатыр таза қазақ асханалары, мейрамханалары. Қазақ халқының өзі де өз асханасын құрметтеуі керек, бөтенге жүгірмей.

ҚАШАҢҒЫ ПАЛАУ ЖЕЙ БЕРЕМІЗ?



Дайындаған Фарида КАРИМОВА



ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №73 (4042) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Contains 100 rows of citizen data.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Contains 100 rows of citizen data.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Contains 100 rows of citizen data.

Table with columns: ID, Name, Surname, Date, and Description. Rows include entries like 10488 КАМЕЛОВА АСЕМГУЛЬ, 10489 ГАЙШЫКОВА ЖАЗИРА, 10490 ЗОРИЛЕНКО НАТАЛИЯ, etc.

Table with columns: ID, Name, Surname, Date, and Description. Rows include entries like 10569 РЫСБЕКОВА АИМАН, 10570 ДЮСЕКЕЕВ АМАНГЕЛЬДИ, 10571 БАЙМУХАНОВА ДИАНА, etc.

Table with columns: ID, Name, Surname, Date, and Description. Rows include entries like 10644 КАЛМУРАТОВА ПАТСАИ, 10645 НУРУШЕВА МАДИНА, 10646 БРАХАДИНА АЙНУРА, etc.



Table with columns: ID, Name, Surname, Date, and Description. Rows include entries like 10726 ЛИЯС ДУЛАТ ЖАҒЫПАУҰЛЫ, 10727 АЛХАНОВА КҮНСҮЛҮ КАСЫМОВНА, etc.

Table with columns: ID, Name, Surname, Date, and Description. Rows include entries like 10804 МЫҚТЫБАЕВА СҮЛУШАШ БОЛШИНБАЕВНА, 10805 АБЫЛОВА АҚЕРКЕ АЛМЕШОВНА, etc.

Table with columns: ID, Name, Surname, Date, and Description. Rows include entries like 10880 ЧЕБОТАРЕВСКАЯ ЕВГЕНИЯ ВАЛЕРЬЕВНА, 10881 ТЕМИРБЕКОВА ЗАУРЕ, etc.

Table with columns for ID, Name, Surname, Date, and Description. Rows include entries like 10962 ПЛЕНБАЕВА ЗАУРЕШ САДЫРОВА, 10963 КАМАЛИЕВА ГУЛЬНАЗ НАЗИКЕНОВНА, etc.

Table with columns for ID, Name, Surname, Date, and Description. Rows include entries like 11049 АБДРАШИТОВА АЛИЯ КЕНЖЕГАЛИЕВНА, 11050 ГҮЛЕГЕНОВА ЖҮЛДЫЗ МҮХАМЕДРАХИМОВНА, etc.

Table with columns for ID, Name, Surname, Date, and Description. Rows include entries like 11128 ЕФЕНДИЕВ ВЯЧЕСЛАВ ФАИГОВИЧ, 11129 АЛЬЖАНОВА БАЯН КЕНЕСОВНА, etc.



Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Date, Status. Contains names like ВАНДЕР СЕРИК, ЗАХАРОВА, БЕЙСЕНОВА, КРЯЖОВ, НУРСЕИТОВА, ШУКЕЕВА, МУХАМЕТЖАНОВА, СОЛТАБАЕВА, КАЙЗЕР, АХИМБЕКОВА, ДЮСЕНОВА, СТАЗАЕВА, БЕЖОКИГТОВА, БАЛАБЕКОВА, ДЮСЕНБАЕВ, МАДИНА, АБДИГАЛИЕВА, БАЙГУЖИНА, АЛАБАЕВА, КОПБАЕВА, АЖАР, КУСАИНОВА, НАСКЕНОВ, БЕКТУРСУНОВА, КАХАРМАНОВА, СЕИЛЬХАНОВА, САМАТОВА, ЧЕРДАНЦЕВА, АБДУКАРИМОВА, НУРИХАНОВА, САНИЯ, ГОРЧАЧА, КОШЕГУЛОВА, ЕСЛЯМБЕКОВА, БАЙКЕНОВА, КОСАЕВА, АШИМОВА, КАНАПИН, АМАГОВА, МАХАМБЕТОВА, ЭСИМОВА, НИКИТИНА, БОРАМБАЕВА, ТИЛЕУХАН, МУХАМЕДЖАРОВА, БАЛТАБАЕВА, АИТБАЕВА, ТЕРЛЕКБАЕВА, КУРМАНОВА, РАУШАН, АБДИРОВА, УСМАНОВА, УТЕНОВА, МАИРА, РАХИМОВА, НАЗГУЛЬ, МУСТАРИЗА, АМАН, АИТЖАНОВА, АИНУР, КУРДОВА, АЙНУР, ЖУМАБАЕВА, ГУЛЬДЕН, АМИРТАЕВА, ЭЛЬМИРА, НУРЫМБЕК, ШЕКЕРБАЛ, САРЫМБЕТОВА, БАТЫРБАЕВА, БАТИМА, АБЫЛДИНОВНА, ТОМАРОВА, АИГЕРИМ, ШАИХ, БИШАН, БАЛМАГАНБЕТОВА, ЭЛЬМИРА, РАШИТОВНА, БЕЛЯКИН, ДМИТРИЙ, ДМИТРИЕВИЧ, ОЗДЮЕВА, ЗАРИНА, САЛАМБЕКОВНА, ФЕДОРОВА, ЗИНАИДА, КОНДРАТЬЕВНА, КУШЕРОВА, ЖАСЛАНА, САГАТОВНА, КАЛИЕВА, АИГУЛЬ, КАДЫРКЫЗЫ, МАГЗУМОВА, АЙМАН, СЕРИКХАЖИЕВНА, АИМЕНОВА, БУНИСА, МАМАЕВНА, ИБРАЕВА, ТИШПЫК, СУЛТАНОВНА, ТЕМИРБЕКОВА, ГУЛИМ, АМЕРЖАНОВНА, НУРАЛИЕВ, ЕРЛАН, ХУДАЙКУЛОВНА, ИВАНЕНКО, ЕВГЕНИЯ, ГЕННАДЬЕВНА, КУРМАНБАЕВА, АИШАБИЕВА, КУРМАНБАЕВА, ИНДИРА, КУАНЫШЕВНА, КОЖАХМЕТОВА, ИРИНА, ФЕДОРОВНА, БАЙМУХАМБЕТОВ, АБЫЛАЙ, КАИРАТУЛЫ, УЯБАЕВ, ЕРБОЛ, ЖАМБУЛОВИЧ, ТОЙГУЛИЕВА, АЛМАКУЛЬ, АНДЖАЕВНА, НУРУМБЕТОВА, АЙГУЛЬ, ПЕРНЕБЕКОВНА, КАНАФИН, БАЛТАБАЙ, ЗАЙНИЛОВИЧ

Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Date, Status. Contains names like ДЮСЕКЕЕВА, ДАМЕТКЕН, МЕЙРАШОВНА, АБЕНОВА, АСЕМ, СЕРИКОВНА, МОМБЕКОВА, САУЛЕ, ЮНАРОВНА, УДЕРБАЕВА, АИГУЛЬ, СЕРИКОВНА, САБРАЛЕЕВА, ГИЛЬМИНУР, АЛАУТДИНОВНА, ПЕТРУХИНА, ЗИНАИДА, ГРИГОРЬЕВНА, ЖИГАЛКИНА, КСЕНИЯ, ВЛАДИМИРОВНА, ДУБРОВИН, ВИКТОР, СЕМЕНОВИЧ, БАРАНБАЕВА, НАЗЫМ, КАИРБАЕВНА, МУЗАПБАРОВ, НАРТАЙ, МАКСУТОВИЧ, УСЕИНОВА, РАУШАН, КАБИДЕНОВНА, АНАРБЕКОВА, УЛБОСЫН, СЕЙТХАНОВНА, ИСКАКОВА, ДИНАРА, САЛИМОВНА, ГЛЕУГА-БЫЛКЫЗЫ, КУРАЛАЙ, КОЖАХАНОВ, АСЫЛБЕК, МАРАТОВИЧ, ЖИЕНАЛИНА, МАПРУЗА, КАИРОВНА, ШАИХИНА, АИГУЛЬ, ОМИРБЕКОВНА, СКЕНДИРОВА, ЗАМЗАГУЛЬ, ЖУМАТАЕВНА, ЖОЛДАСПАЕВА, САУЛЕ, ЖАКУПОВА, НУРЛЫГУЛЬ, ЕРКЕНОВНА, ЕСЕМБЕКОВА, АЙСУЛУ, РАЙИМХАНОВНА, ИСМАГАМБЕТОВА, БАКЫТ, КАТРЕНОВА, ЗАДА, БАТТАКОВНА, НУРПЕИСОВА, КУЛБАРАМ, ЖАБЫКОВНА, БАИБОСЫНОВА, ШАХАРИЗАДА, ОРЫНБАЕВНА, КУЛАХМЕТОВА, ГУЛЬФИРА, КУАНДЫКОВНА, КУПРИЯШИН, ДМИТРИЙ, СЕРГЕЕВИЧ, ИСАБАЕВА, ЭЛЬМИРА, РАХМЕТЖАНОВНА, БАЛАБИЕВА, ШЫНАР, БИБОЛОНА, РАСХАН, БИЯШ, ЭДИЛОВА, ГУЛЖАН, ТУРСЫНБАЙКЫЗЫ, АРИНОВА, ЖАНАР, НУМАГАМБЕТОВНА, ХАЖМУРАТОВА, РИЗАГУЛЬ, АБАЕВНА, КАБУЛОВА, КЫМБАТ, ЮСУФОВНА, КУАНДЫКОВА, РЕГИНА, АЛЕКСАНДРОВНА, АМАНОВА, ЖАНАРА, МУХАМБЕТОВНА, ЖАКУПОВА, ЗАРИНА, АЛШЫНОВНА, ИСАИНА, САЛТАНАТ, ТАУБАЙКЫЗЫ, КАЗИБЕКОВА, ДАИЛЯ, МЕЙРБЕКОВНА, ҚАЛМУҚА-МЕТ, ЗУБАИРА, СМАНОВА, ГУЛАЙМ, ПЕРДЕБЕКОВНА, АСАУБАЕВА, ДИНА, ШАЛГЫМБАЕВНА, КАСПАРОВА, БИБИГУЛЬ, ТУЛЕГЕНОВНА, ТУСПУБЕКОВА, ШАРБАН, ЖАППАРОВНА, ТЕМИРЖАНОВ, ЖАНАТ, ТЮЛЕГЕНОВИЧ, ЛОБАЧ, ДЕНИС, АЛЕКСЕЕВИЧ, МАКЕЧИК, ТАТЬЯНА, ВЛАДИМИРОВНА, ИСМАИЛОВА, АЛЬСИНА, ГАЛИМЖАНОВНА, ЕСЕНБАЕВ, МЕИРАМБЕК, ХАЙРБЕКҰЛЫ, БАТЫРБЕКОВА, МАНЗУРА, КОВА, БЕИСЕНБАЕВНА, ЖУМАБАЕВА, АИЗАДА, БЕИСЕНБАЕВНА, ЖУНСОВА, САУЛЕ, ЖЕНИСОВНА, ЖАМАУОВА, ГУЛШАТ, ТУМАРГАЛИЕВНА, ФАРАЗЛИЕВА, КУЛБЕГИЛА, КАЙДОВНА, АБДИКОВА, КУРАЛАЙ, ЖОЛАМАНОВНА, МАТАЕВ, МИРАС, АХМЕТОЛЛАУЛЫ, ҚАРЫМОВА, МАДИНА, СЕРЕККАЛИЕВНА, ШАМАХАЙ, МАИРА, ПЛЕУБАЙ, АИБЕК, ПЛЕУБАЙҰЛЫ, ПАРФЕНОВИЧ, ОЛЬГА, ИВАНОВНА, АНПЕРГЕНОВА, БАЛКАДИША, ШАЙМЕРДИНОВНА, ИДРИСОВА, САМАЛ, ЖУМАДИЛОВНА, НУРИЕВА, ЛЮЦИЯ, РОБЕРТОВНА, СТАНЦОН, СВЕТЛАНА, ЖАНБЕКОВНА, АНЖАМДИЕВ, СЕРИК, КОПЖАСАРОВИЧ, СУЛТАШЕВА, АЙНАГУЛЬ, ЕРЖАНОВНА, КАРПОВА, МАРИЯ, ВЛАДИМИРОВНА, ЕРМЕКОВА, БАХЫТГУЛЬ, АЛПЫСБАЕВНА, КУСАНОВА, ЖАНАР, АЙТҒОЖЕВНА, ГУСМАНОВА, НУРГУЛЬ, СЕРГАЗЫЕВНА, САНИТАСОВА, ЖУЛДЫЗ, МАРАТОВНА, АИТОРАЕВА, АЛМАГҰЛ, КАЛИЛИЛОВНА, ШТАУБ, ЛЮБОВЬ, АНАТОЛЬЕВНА, ҚУАҢХАЙ, ҚАЗЫНАЙ, БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ, АЖИГАЛИЕВА, АКИЛОЙ, КУЛМАХАНОВНА, МУЛЛАШЕВА, ДИЛЯРА, ХАРИСОВНА, БАЙМАКИШЕВА, АИГЕРИМ, МУСТАФОВНА, БАЙМАГАМБЕТОВА, АСЕМ, БАЛХАШБЕКОВНА, АЛШЫНБАЕВА, ШОЛПАНАЙ, КЕМАДИЛОВА, САБАЗОВА, РАЙХАН, САМКАНОВНА, ХАДЕЕВ, РАШИД, АХМЕДШАКИРОВИЧ, АЛҒОЖА, АИГЕРИМ, ТОҚЖАНҚЫЗЫ, ИСМАИЛОВА, ГУЛЬНАЗЫМ, КАЛЫМОВНА

Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Date, Status. Contains names like БАЙДЮСЕНОВА, АЛИЯ, МУРАТОВНА, ИБРАЕВА, ГҮЛНУР, МЕИРАМХАНОВНА, ДЫМОВА, АНАСТАСИЯ, СЕРГЕЕВНА, ЖАКУПОВА, БАЯН, БАЗИЕВНА, ТУКЕЕВА, АЙМАН, САПАРБЕКОВНА, ИМАШЕВ, ЖАНДОС, БИРЛИКОВИЧ, САДУАХАСОВА, КУЛЯН, МУСАЕВНА, ШУКЕЕВА, ЖАНАРГУЛЬ, САДВАКАСОВНА, СЛЫШАК, АННА, ВЛАДИМИРОВНА, ТЛЕУТОВА, АСЕЛЬ, КОМЕКОВНА, АКИЛБЕКОВА, ГҮЛБАРШЫН, МУКАНОВА, АНАРА, ХАЛИМБЕКОВНА, ОДИНОКАЯ, ТАТЬЯНА, АНАТОЛЬЕВНА, СЕЛЕНСКИЙ, ПЕТР, МОИСЕВИЧ, ТУРСУНОВА, ЗУЛУХМОР, ТУХТАБАНОВА, КОШЫГУЛОВА, КАМИЛЛА, САГЫТАЕВНА, АЛХАЙДОРОВА, ЗАРИНА, ДЮСЕНКЫЗЫ, МАХМЕТОВА, АЙНУР, ХАСЕНОВНА, ОРАЛБАЙ, ОНАЛАН, ШАРАЙ, МУХАЕ, ХАЛМИРЗАЕВНА, АМАНЖОЛОВА, АИГЕРИМ, ЖУЗБАЕВНА, ЧИЖЕВСКАЯ, ДИНА, СРАЙЛОВНА, АХАТОВА, ДИНА, ДЖАНУЗАНОВА, ГАББАСОВА, АСЕМ, ИСМАГАМБЕТОВНА, АБИЛОВА, ДИНАРА, БЕКТЕМИРОВНА, МУСАЕВА, ЖАЗИРА, КЫНДЫБАЕВНА, КАБЫКЕН, БАКАРГУЛЬ, АМАНОВА, МАЯ, ЖЕНГИСОВНА, БОЛАТ, ГҮЛНАР, КАРИН, АЛМАС, КАЛАБАЕВИЧ, ТЕМИРГАЛИЕВА, АЙБАРША, ТҮЯКОВНА, НУРЛЫБАЕВА, ЭЛАНУРА, УМИРГАЛИЕВНА, ЖОЛДАСОВ, ЕРЛАН, БЕКАДАРОВИЧ, АБИЛКАСИМОВА, АИЖАН, КАЙРОЛЛОВНА, ЕСМАГАНБЕКОВНА, ТИНЫШЖАН, АИТКЕНОВНА, ЛОСЕКЕЕВА, МАДИНА, ИСЛАМОВНА, МАМЫТОВА, БАЗАРГУЛЬ, ЖУМАМУРАТОВНА, БАЙТАКОВА, МАКПАЛ, КАЙРАТОВНА, АМИРБЕКОВА, НУРБАНУ, ТЮЛЮМБЕКОВНА, АТАМКУЛОВА, АЛМА, УСЕНОВНА, ВЕРОСЛАВОВА, МАРИНА, СЕРГЕЕВНА, ЕРКЕБАЕВА, АСЕМГУЛЬ, АБДЫСАЛАНОВНА, КОПЫЛОВА, НАТАЛЬЯ, МИХАЙЛОВНА, БУРКУТБАЕВА, МАШЕН, ЖАННА, АИТМУХАНБЕТОВНА, СЕИДАХМЕТОВИЧ, ЖАННА, АИТМУХАНБЕТОВНА, ГАЛКИНА, КАНИПА, ЖУЗБАЕВА, ГАЛИЯ, АЙТУГАНОВНА, ЮСИФОВА, РЕНА, ТОФИКОВНА, СУЛЕЙМЕНОВА, КУРАЛАЙ, ЦЕСАРЬ, ВЛАДИМИР, АНАТОЛЬЕВИЧ, ШМИДТ, ЕЛЕНА, ВИКТОРОВНА

(Жалғасы бар)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 73-бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарастырып, Нұр-Сұлтан қаласының қалалық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттығына кандидаттарды Нұр-Сұлтан қаласының атынан тіркеді:

Әбішев Аблай Ғапурылы - 1963 жылы дүниеге келген, «Ақпарат, коммуникация және байланыс салалық кәсіподағының» төрағасы, Нұр-Сұлтан қаласында тұрады. **Оралов Мейрамбай Әскербайұлы** - 1956 жылы дүниеге келген, «Нұр-Сұлтан қаласының Тарихи-мәдени мұра ескерткіштері мен нысандарды сақтау бойынша дирекциясы» директорының орынбасары, «Ауыл» ХДПП мүшесі, Нұр-Сұлтан қаласында тұрады.

Самамбетов Мәулен Естайұлы - 1966 жылы дүниеге келген, «Астана Ормань» ЖШС директоры, Нұр-Сұлтан қаласында тұрады.

Сағындықов Дархан Таңатұлы - 1985 жылы дүниеге келген, «Самұрық-Энерго» АҚ басқарушы директоры, Нұр-Сұлтан қаласында тұрады.

В.РЕДКОКАШИН,
қалалық сайлау комиссиясының төрағасы



АСТАНА КҮНІНДЕ «АБАЙДЫ» ТЫҢДАҢЫЗ

» Елорда күнінде «Астана Опера» театры жұртшылыққа тамаша сый ұсынып отыр. Бірегей өнер ордасы өз сайтынан және TengriTV-ден ұлттық классиканың жауһарына айналған, заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің либреттосына жазылған Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсын онлайн ұсынады.

Айтулы шығармадағы басты партияны Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, театрдың жетекші солисі Талғат Мұсабаев орындайды. Талантты өнерпаздың айтуынша, елге көрсетілім үшін «Абай» операсы бекер таңдалмаған.

– Бұл тұғырлы туындының «Астана Опера» үшін орны бөлек. Осы қойылым үшін театр Мемлекеттік сыйлықты иеленді. Аңызға айналған опера тек біздің ғана емес, өзге де еліміздегі

опера театрларының мақтанышына айналған. Биыл Ұлы Абай ағамыздың 175 жылдық мерейтойын атап өтеміз. Сондықтан астана күнінде шоқтығы биік шығарманың көрсетілуі айрықша мәні бар деп ойлаймын, – деген Талғат Мұсабаев сөзін одан әрі жалғап: – Абайдың партиясы – қазақ операсы репертуарындағы баритонға арнап жазылған ең көрнектісі. Өзім осы рөлді орындағанды ұнатамын. Мен үшін де Абай – ұлы

ойшыл, ақын, философ. Адам бойындағы асыл дүниенің барлығы осы ұлы тұлғаның мінезінен көрініс тапқан деймін. Партияны орындау оңай емес. Себебі орындаушыға үлкен жауапкершілік жүктелген. Ақын бейнесінің барлық қыры мен тереңдігін аша білу қажет. Музыкалық жағынан да ерекшелігі бар. Өйткені партия лирикалық баритон үшін емес, өте «мықты» баритон дауысқа арналған. Оны мінсіз орындау үшін

драматургия мен музыка үйлесе білуі қажет, – дейді опера әншісі.

Дарынды азамат өз сөзінде бас шаһардың туған күніне орай ізгі лебізін де білдіріп өтті. «Мен елордаға 2007 жылы Елбасының астананың мәдениетін дамыту үшін «Шығармашыл жастарды тарту» бағдарламасымен келдім. Содан бері Нұр-Сұлтан менің туған қалама айналды, дәл осы жерде балаларым өмірге келіп, өсіп-өніп жатырмыз. Бас қалада өз өнеріңді дамытуға барлық мүмкіндік қарастырылған. Бастысы, шығармашылыққа арналған кеңістік бар. Түрлі концерт залдары салынып, театрлар бой көтеруде. Сондықтан қала тұрғындары мен қонақтарын қала күнімен құттықтаймын!» дейді Талғат Мұсабаев.

Бетті дайындаған Азамат **ЕСЕНЖОЛ**

ДӘСТҮРЛІ СЫЙЛЫҚ

» Парламент Мәжілісі бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің кәсіби мерекесіне орай дәстүрге айналған «Парламент сөзі» сыйлығының жеңімпаздарын анықтады.

Құрамына Мәжіліс депутаттары, қоғам қайраткерлері, партия өкілдері кірген комиссияның шешімімен биылғы жүлдегерлер жеті аталым бойынша сайысқа түсті.

Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин «Парламент сөзі» сыйлығының жеңімпаздарына, сондай-ақ барша бұқаралық ақпарат өкілдеріне кәсіби мерекеге орай құттықтау лебізін жеткізді.



ЖИДЕБАЙДЫҢ АТЛАСЫ ЖАСАЛАДЫ

» Семей қаласында Ұлы Абай тұрған Жидебайдың халықаралық атласы жасалады.

Абай атындағы мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының директоры Тұрдықұл Шаңбайдың сөзіне зер салсақ, атлас ақынның 175 жылдығына орай Абай академиясымен бірлесіп әзірленеді. Ол үш тілде басып шығарылады. «Жидебай аумағы – 6400 гектар. Атлас құру мақсатында дарынды фотографтарды жинадым. Басылымда Жидебайдың флора-фауна, ландшафты, биоалуантүрлілігі мен тарихи жерлері көрсетіледі» дейді ол. Айта кетелік, Жидебайда ұлы тұлғаның кесенесі мен мұражайы орналасқан.

«АСТАНА АҚШАМЫ» АРХИВИНЕН

ФОТОШЕЖІРЕ



Қазақстан жазушылары Ақмола жерінің егістік алқабында (1956 жыл). Суретте: солдан оңға қарай Фабит Мүсірепов, Александр Сурков, Мұхтар Әуезов, Фабиен Мұстафин.

ТАБИҒАТҚА БАЙЛАНЫСТЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

Таң атады.
Күн шығады.
Ай, жұлдыз туады.
Ай толысады.
Күн, ай батады.
Жұлдыз сөнөді.
Күн құлақтанады.
Ай қораланады.
Күн күлімдейді.
Жұлдыз жымындайды.
Бұлт қаптайды, көшеді.
Найзағай ойнайды.
Тұман түседі.
Сел, сең, су жүреді.
Жаңбыр, бұршақ жауады.
Қақ тұрады.
Қар жатады.
Шық түседі.
Жер көктейді.
Тау мұнартады.
Боран соғады, басылады.
Борасын жүреді, тынады.

Жел еседі, тұрады, тынады.
Сұйық (су) сарқылады.
Шөп (азық) таусылады.
Жұмыс бітеді.
Науқан аяқталады.
Қар, су молаяды.
Ағаш өседі.
Шөп шығады.
Өсімдік көктейді.
Тұқымды себеді.
Ағашты отырғызады.
Егінді егеді.
Шөпті шабады.
Арамшөпті отайды.
Сабанды жинайды.
Шиді тартады.

(Этнограф-жазушы, сатирик Сейіт КЕНЖЕАХМЕТҰЛЫ мұрасынан)



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Жарқын ЖҰМАДИЛОВ**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Апталық таралымы – 15 000

Тапсырыс №74

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы,

Сілеті көшесі, 30.

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212 Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17 Үйлестіруші: 70-33-05 Жарнама: 70-33-06

astana.akshamy@mail.ru